Жер жыртатын бөлшектердің ресурстарын бағалау шектік күйлерге (сызықтық өлшемдер, шырышты қабықша (затылочной фаски) мен жүздің өткірлігі) әсер ететін барлық параметрлардың өзгеру динамикасын талдау негізінде жүзеге асырылуы керек, бұған қоса ресурсты бірінші шектік күйге (келген сәті немесе маңыздылығы бойынша) жетуге дейінгі атқарылған жұмыс көлемі бойынша бағалау қажет.

Жүздің өткірлігін тозған жүздің иілу бұрышын қоса алғанда борозда түбіне үгілу бұрышымен орнатылған жұмыс органының нормалімен түйісу нүктесінде жүздің иілу радиусы бойынша бағалау ұсынылады.

Тозған жүздің пішінін жіңішке қорғасын жолағымен алып проекторда жүздің қимасын үлкейтіп бағалау ұсынылады.

Далалық жағдайларда жүздің өткірлігін шартты бағалауға арналған аспапты әзірлеу және жеркескіш бөлшектердің өткірлік шарттарының кластарын стандарттау жолымен жүздің өткірлік көрсеткіштерін регламенттеу мүмкін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Тененбаум М. М. Сопротивление абразивному изнашиванию. -М.: Машиностроение, 1976, 271 б.
- [2] Горячкин В.П. Собрание сочинений. Т.3. - М.: Колос, 1963, 389 б.
- [3] З. Жилиговский В.А. Элементы теории почвообрабатывающих машин и механической технологии сельскохозяйственных материалов. Тбилиси: - Изд. Грузинского СХИ, 1960, 146 б.
- [4] Рабинович А.Ш. Самозатачивающиеся плужные лемехи и другие почворежущие детали машин. - М.: БТИ ГОСНИТИ, 1962, 107 б.
- [5] Методы повышения долговечности деталей машин. - М.: Машиностроение, 1971, 272 б.
- [6] Б.Т. Жусин, А.А. Гуляренко, В.А. Хан, Ф.В. Витвицкий. Ауылшаруашылық машиналарын пайдаланудың тиімділігін көтеру мәнісі [Текст] / Б.Т. Жусин, А.А. Гуляренко, В.А. Хан, Ф.В. Витвицкий // Вестник Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева; № 2 (120) Серия технические науки / КазНТУ; – Алматы, 2017. – 223 – 225. –627 б.
- [7] Жусин Б.Т., Ахмедьянов А.У. Повышение эффективности работы почвообрабатывающих машин с учетом износа рабочих органов, МН ПК, ЕНУ им. Гумилёва, Ч.2, Астана, 2017.

Жусин Б.Т., Гуляренко А.А., Құмар А.

Влияние остроты лезвий на агротехнические показатели работы почворежущих машин

Резюме. Ресурс почворежущих деталей необходимо определять по величине наработки в гектарах до достижения одного из указанных выше предельных состояний - первого по времени наступления или по значимости потерь, обусловленных снижением работоспособности.

Профиль изношенного лезвия рекомендуется оценивать путем снятия слепка тонкой свинцовой полоской с последующим анализом на проекторе увеличенного сечения лезвия.

Представляется возможным создание прибора для условной оценки остроты лезвий в условиях полевых испытаний и регламентирование показателей остроты лезвий путем стандартизации классов условий остроты почворежущих деталей.

Ключевые слова: износостойкость, затупления, острота, фаска, износ, наработка.

Zhusin BT, Gulyarenko AA, Komar A.

Influence of the fineness of blades on agrotechnical performance indicators of soil-cutting machines

Summary. The operating life of soil-cutting parts must be determined by the value of operating time in hectares until one of the above-mentioned limiting states is reached, first by the onset time or significance of losses caused by a decrease in efficiency.

It is recommended to evaluate the structural section of outspent blade by taking a counterpart with a thin lead strip followed by the analysis of the magnified sectional view of the blade on the projector.

It seems possible to create an instrument for the conditional evaluation of fineness of blades under field testing conditions and to regulate the indicators of fineness of the blades by standardizing the condition classes of fineness of soil-cutting parts.

Key words: wear resistance, blunting, fineness, chamfer, wearing process, operating time.

ӨОЖ 622.244.44

Т.А. Жанабаев, Д.Р. Қорғасбеков

(Каспий университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы)

(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы)

ПНГ–1 АСПАБЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ТҰРАҚСЫЗ САЗ ҚАБАТТАРЫНАН АЛЫНҒАН КЕРНІҢ ІСІНУІН ЗЕРТТЕУ ҮШІН ЖАСАНДЫ КЕРН ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа. Күрделі геологиялық жағдайларда, оның ішінде опырылуға бейім, тұрақсыз сазды қабаттардан алынатын керннің ісінуін ПНГ–1 аспабының көмегімен зерттеу үшін жасанды керн жасау әдістемесін ұсыну.

Кілтті сөздер: керн, тау жынысы, саз балшық ерітіндісі, полимерлі материалдар, жасанды керн.

Есептелген мұнай қоры бойынша Қазақстан әлемнің 15 жетекші мемлекеттерінің құрамына кіреді. Қазақстан Республикасы әлемдік көмірсутек шикізат қорының 3,3% иеленеді. Еліміздің 62% жер көлемін мұнайгазды аудандар алып жатыр, оның 172 мұнай және 42 газдыконденсатты кен орнына тиесілі. Оның шамамен 70 % мемлекетіміздің батыс өңірінде орын тепкен.

Батыс Қазақстанның негізгі қоры Каспий маңы ойпатына тиесілі. Қазіргі кезде онда Қашаған – 6,4млр.тонна, Теңіз – 3,1 млрд.тонна, Өзен–1,1млр.тонна, Қарашығанақ–1млр.тоннадан жоғары, Қаламқас–510млн.тонна, Жаңажол–550 млн.тонна, Жетібай – 350млн.тонна сияқты ірі кен орындарынан мұнайгаз шикізаты өндірілу үстінде.

Осы кен орындарын ашу кезінде аномальды жоғар және аномальды төмен қабат қысымдары, ірі тұз қабаттары, тұрақсыз, опырылуға бейім саз қабаттары, қабат сұйықтарының агрессиялы компоненттерге бай болуы сияқты қиындықтар көптеп кездеседі.

Қазақстан кен орындарының көпшілігінде бұрғылау жұмыстарын жүргізу қалың саз және әр түрлі құрамдағы тұз қабаттарын ашу кезінде болатын қиындықтармен тікелей байланысты. Бірақ осыған қарамастан біздің алдымызда ұңғының сапасын арттыру, бұрғылауға кететін уақытты қысқарту, жұмыс және материалды шығынды азайту, экологиялық ахуалды жақсарту сияқты көптеген мәселелер тұр.

Осы алда тұрған мәселелерді шешу үшін біз бұрғылаудың жаңа жетілдірілген техника және технологияларын пайдалана отырып, жоғары техника–экономикалық көрсеткішке қол жеткізуіміз керек. Әсіресе терең ұңғыларды күрделі жағдайда бұрғылау кезінде, ұңғы қабырғасының тұрақты болуы, техника–экономикалық көрсеткішті жоғарылатудың негізгі факторларының бірі болып саналады. Сондықтан бұрғылау кезінде кездесетін қабаттардың күрделілігін ескерсек, осы мәселелердің шешімін табу Қазақстан Республикасының мұнайгаз өндірісін үдетудегі стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

1. Тұрақсыз тау жыныстарының құрылымдық және құрамдық ерекшеліктері

Бұрғылаудағы көптеген қиындықтар мен апаттар, әсіресе, сазды шөгінділерде, ұңғылардың қабырғаларының тұрақсыздығынан туындайды. Шөгінді жыныстардың жалпы көлемінің 80%-ға жуығы сазды минералдардың үлесіне келеді. Сондықтан ұңғы құрылысын жобалау кезінде осы жыныстың сипаттамасын толық зерттеу өте маңызды.

Саздар – бұл ұсақ дисперсті, немесе пелитті, көлдең қимасы 0,01 мм–ден кем болатын ұсақ түйіршіктерден тұратын жыныстар екені белгілі. Көбіне негізгі жыныстардың химиялық мүжілуі және басқа жыныстардың механикалық мүжілуінің әсерінен қалыптасады [1]. Саздардың негізгі физика–химиялық қасиеттері минералогиялық құрамымен қатар жоғары дисперсті күйімен анықталады. Кейбір саздар тек нақты бір сазды минералдан ғана тұрады, ал көбісі әртүрлі сазды минералдардың қоспасынан тұрады. Сонымен бірге, саздың құрамына кіретін органикалық заттардың және суда еритін тұздардың мөлшері өзгеріп тұрады [2]. Негізгі жыныс құраушы сазды минералдарға монтмориллонит, каолинит, аттапульгит, иллит жатады.

Монтмориллонит тобындағы минералдарда кремний–оттектік және гиббситтік пакеттер арасындағы байланыс оттектік қабаттармен өтеді, сондықтан салыстырмалы түрде әлсіз. Кристалды торлардың

құрылысының мұндай ерекшелігі судың молекулаларына және қарама-қарсы органикалық молекулаларға пакетаралық кеңістікке жыныстың ісініп, оның көлемінің өзгеріп оңай кіруіне мүмкіндік береді. Бұл минералдар, саздың белгілі бір катиондар санын байланыстыра алу қабілетінен көрінетін, күшті катион ауысу қасиеттерімен сипатталады, оның үстіне, олардың кейбіреулері ішінара немесе толығымен соған теңдей мөлшерде басқасымен ауысуы мүмкін. Монтмориллониттің ауысу сыйымдылығы – 50×10^5 моль/кг. Монтмориллониттер тобындағы минералдар палеогендік, бор, юра, пермдік және тас көмірлі дәуірлеріндегі жыныстарда кездеседі. Одан ертеректегі жыныстардан табылмаған.

Гидрослюда (иллиттер) тобында тетраэдрлік пакеттерде кремний иондарының тек бір бөлігі алюминий иондарымен алмасқан. Оң зарядтардың жетіспеушілігін пакетаралық кеңістікке су мен органикалық сұйықтықтарының молекулалары ғана емес, сонымен бірге, басқа да катиондардың да кіруіне кедергі жасай отырып, калийдің иондарының орнын басады. Бұл минералдардың алмасу сыйымдылығы аз – 10^5 –нан 40×10^5 –ға дейін моль/кг. Гидрослюда тобы монтмориллонит минералының қоспасынсыз сумен немесе қарама-қарсы органикалық сұйықтықтарымен өзара әрекеттесуі кезінде ісіну белгілерін көрсетпейді. Гидрослюдалар әртүрлі дәуірлердегі сазды жыныстардың құрамына кіреді: девонға дейінгі сазды жыныстарда негізгі мономинералдар болып табылады және одан кейінгі кезеңдерде полиминералдық сазды жыныстарда басым. Олар литифитті саздарда негізгі құраушы минералдар болып табылады [3].

Қазақстан кен орындарынан жиналған сазды керндер туралы мәліметтер

Саз жыныстарының бұрғылау ерітіндісінің құрамындағы сұйық фазаның әсерінен ісіну қасиетін анықтау үшін біз Қазақстанның көптеген мұнайгаз және уран өндіретін кен орындарынан тау жынысының үлгісін, яғни керн жинадық. Кернді тек сазды қабаттардан алуға тырыстық. Алты ай бойы Қазақстанның көптеген кен орындарынан жинаған керн материалдары жалпы сараптамасы төмендегі 1–кестеде беріледі.

Ол үшін біз Қ.И Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ университетіне қарасты, технопаркте орналасқан «Полимерлі материалдар және технологиялар институты» ның 1–кабатында орналасқан керн материалдарын өңдеу зертханасында жұмыстарымызды іске асырдық.

Ол жерде тау жынысының үлгісінің физика–механикалық қасиеттерін анықтауға қажет құрылғылар, кесуге, ұнтауға, електен өткізуге, кернді ойып алуға қажет бұрғылау құралдары орналасқан. Осы құралдардың көмегімен, біз зерттеуге қажет керн материалдарын дайындауға кірістік.

Жасанды керн дайындау әдістемесі

1. Алдымен біз стандарт бойынша ПНГ–1 аспабымен жұмыс жасауға керекті бүтін, кесек тау жыныстарынан 56,5мм өлшемді кернді, бұрғылау машинасының көмегімен ойып, кесіп алдық.

2. Кесуге жарамсыз, кеуекті, жұмсақ, аз цементтелген аргелит саздарын

Test sieve елегінің №2 торымен елеп, ұсақ массаға айналдырдық.

Ұсақ массаны сәл дымқылдап, темір формаға салып, гидравликалық престің көмегімен, керекті мөлшерде престедік. Оны біз табиғи жағдайда жатқан тығыздығына не барынша ұқсас етуіміз үшін, сол тереңдіктегі тау қысымымен бірдей етіп алуымыз керек болды. Ол үшін біз төмендегі формуланы пайдалана отырып, әр кернді керекті салмақпен тығыздадық. 1–суретте гидравликалық престің көмегімен жасанды керн жасау сәті көрсетілген.

$$P_{\text{тау}} = 0.1 \cdot N_T \cdot L, \text{ кгс/см}_2 \quad (3.1)$$

мұндағы: N_T –жоғары орналасқан тау жыныстарының үлестік салмағы, шамамен $2,5 \text{ гс/см}^3$ деп алуға болады.

L – жер бетінен, анықтау керек тереңдік, м

3.10–кестеде жасанды кернді жасау кезінде гидравликалық престің сығу мәні берілген.

5. Қолдан жасалған дайын кернді, кептіргіш пешке салып, 100°C температурада 3 сағат кептірдік. 2–суретте дайын болған керндер көрсетілген.

6. Одан әрі біз керннің элементтік құрамын анықтау мақсатында, **PAN alytical Epsilon** деп аталатын **энергодисперсті** рентгенофлуоресцентті спектрометрдің көмегімен рентгенофлуоресцентті сараптама (РФС) жасадық.

Оның нәтижесі төмендегі кестелерде және спектрограммаларда көрсетілген.



1-сурет. Гидравликалық пресің көмегімен жасанды керн жасау сәті



2-сурет. Жасанды керндер

Кесте 1. Жиналған кен материалдары туралы жалпы мәлімет

№	Кенорынның атауы	Үңгі №	Кен алынған аралық, м	Минерал атауы, құрамы	түсі	құрылымы	текстурасы
1	Оңтүстік батыс Қарабұлақ кен орны	21	1412-1415	Алеврогендіт 50/50 саз араласқан құм	кегілдір	алеврогендіт	массивті
2	Оңтүстік батыс Қарабұлақ кен орны	21	1421-1424	Аргеліт кварц, дала шпаттары, слюда, сазды минералдар	кегілдір	пелитті	массивті
3	Оңтүстік батыс Қарабұлақ кен орны	17	1408-1412	Алеврогендіт (кварцпен) Құмдақ-алеврогендіттер Кварц, дала шпаты, слюда, саз, темір гидроксиді	Кіріпші түстес қызыл қоңыр	алеврогендіт	псалитті
4	Оңтүстік батыс Қарабұлақ кен орны	17	1415-1418	Саз 80% саз минералдары 15% темір гидроксиді 5% кварц, дала шпаты	кегілдір	пелитті	массивті
5	Оңтүстік Инькай уран кеноры	028-52 58	316-320 410 4-7	Құмды алеврогендіт Кварц, дала шпаты, слюда, сазды минералдар, темір гидроксиді	Қызыл-қоңыр	алевро-псалитовая	массивті
6	Оңтүстік Инькай уран кеноры	028-48	378-383	Алеврогендіт Кварцит, дала шпаты, сазды минералдар, темір гидроксиді	Қоңыр қызғылт	алеврогендіт	массивті
7	Оңтүстік Инькай уран кеноры	028-41	351-358	Сазды алеврогендіт Кварц, дала шпаты, слюда, гидрослюда, сазды минералдар	Ақшыл сары	алеврогендіт	псалитті
8	Оңтүстік Инькай уран кеноры	028-48	364-368	Алеврогендіт Кальцит, кварцит, дала шпаты, слюда, сазды минералдар	Сарғыш қоңыр	алеврогендіт	массивті
9	Ашысай кеноры	70-Р	1240-1247	Алеврогендіт кварц, дала шпаттары, слюда, сазды минералдар	кегілдір	пелитті	массивті
10	Оңтүстік батыс Қарабұлақ кен орны	24	2164-2168	Сазды алеврогендіт Кварц, дала шпаты, сазды минералдар, темір гидроксиді	Кіріпші түстес қызыл	алеврогендіт	массивті (біркеліксіз)
11	Ашысай кеноры	271	1266-1274	Сазды алеврогендіт Каолинит, бентонит, сазды минералдар	Қанардай сары	пелитті	массивті
12	Ашысай кеноры	274	1213-1229	Алеврогендіт Кварцит, дала шпаты, слюда, сазды минералдар	Қоңыр	алеврогендіт	массивті
13	Оңтүстік Шығыс Новобогат кеноры	Цр-2	2160-2165	Алеврогендіт Өте аз кварц, дала шпаттары, слюда, сазды минералдар	Қызғылт қоңыр	алеврогендіт	массивті
14	Оңтүстік Шығыс Новобогат кеноры	Цр-2	2442-2446	Аргеліт Кварциттер, дала шпаттары, слюда, сазды минералдар	Ақшыл қоңыр	пелитті	массивті
15	Оңтүстік Шығыс Новобогат кеноры	Цр-3	1852-1855	Алеврогендіт Кварциттер, дала шпаттары, слюда, сазды минералдар	Қызғылт қоңыр	алеврогендіт	массивті
16	Хорошан-1	23 26К	691-694	Аргеліт Дала шпаттары, слюда, сазды минералдар	кегілдір	пелитті	массивті

• **Технические науки**


Кесте 2. Жасанды кернді жасау кезінде гидравликалық преспен сығу мәні

Керн №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Сығу салмағы, кгс/см ²	1976	1976	1971	1981	442	529	491	509	1736	3029	1772	1698	3024	3418	2592	967


Ескерту: жасанды керннің ауданы 56,5мм, биіктігі 10мм

Ренгенді-флуоресцентті сараптама (РФС) нәтижелері
(құрамы және спектрограммасы)


Compound	Conc	Unit
Mg	0.526	%
Al	4.412	%
Si	18.716	%
P	0.455	%
S	0.139	%
Cl	0.361	%
K	3.301	%
Ca	2.913	%
Ti	0.536	%
V	0.014	%
Cr	0.007	%
Mn	0.021	%
Fe	3.398	%
Ni	0.006	%
Cu	0.004	%
Zn	0.045	%
Br	0.001	%
Pb	0.005	%




Compound	Conc	Unit
Mg	0.814	%
Al	6.166	%
Si	22.236	%
P	0.462	%
Cl	0.534	%
K	4.392	%
Ca	1.291	%
Ti	0.706	%
V	0.016	%
Cr	0.011	%
Mn	0.079	%
Fe	4.707	%
Ni	0.005	%
Cu	0.062	%
Zn	0.010	%
As	0.002	%
Br	0.003	%
Pb	0.002	%



Compound	Conc	Unit
Mg	1.123	%
Al	5.976	%
Si	17.798	%
P	0.409	%
Cl	1.761	%
K	5.856	%
Ca	5.495	%
Ti	0.641	%
V	0.013	%
Cr	0.015	%
Mn	0.142	%
Fe	7.903	%
Ni	0.009	%
Cu	0.007	%
Zn	0.017	%
As	0.002	%
Br	0.007	%
Ba	0.110	%
Pb	0.005	%





3-сурет. ПНГ–1 аспабының сыртқы бейнесі:

1–тесілген түп; 2–ұстағыш; 3– жұмыс сақинасы; 4– негіз; 5 – тесіктері бар штамп;
6– бекіткіш; 7– ИЧ–10 индикаторы; 8–сұйық құятын ыдыс; 9– түп аяқтары

Қорытынды

Жұмысты жасау нәтижесінде, Қазақстанның және көршілес жатқан мемлекеттердің МГ және пайдалы қазбалар кен орындарын бұрғылау кезінде, тұрақсыз, ісінуге бейім аргелитті және алевролитті тау жыныстарын бұрғылау кезінде тау жыныстарын ісінуге зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдалануды ұсынамыз. Жұмысты қорыта келе біз, төмендегідей мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсынамыз:

✓ Пайдаланылған әдебиеттер, зертханалық және өндірістік материалдардың қорытындысын сараптау нәтижесінде, ұңғы оқпаны маңайының тұрақтылығын сақтаудың ең тиімді жолы болып, қабатқа бұрғылау сұйығының сұйық фазасының сіңіп кету жылдамдығының нәтижесінде сазды минералдарының ісініп, тұрақтылығын жоғалтатындығы анықталды.

✓ Қазақстанның 6 кен орнының, сазды қабаттарынан 16 түрлі керн жиналып, оларға сараптама жүргізілді және ренгенді–флуоресцентті сараптама (РФС) нәтижелері, яғни құрамы және спектрграммасы анықталды

✓ Жасанды керн дайындау жетілдірілген әдістемесі ұсынылды

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Лодочников В.Н. Главные породообразующие минералы. Учебник для студентов высших учебных заведений геолого–петрографической специальности. Государственное геолого–разведочное издательство. Москва, 1933 г., 248 стр.

[2] Алимжанов М.Т. Устойчивость равновесия тел и задачи механики горных пород. –Алма–Ата: Наука, 1982.

[3] Белов В. П. Образование каверн при бурении. М.:Недра, 1970.

[4] Шарафутдинова Р.З. Разрушение глинистых горных пород в процессе бурения и их взаимосвязь с показателями пластичности и текучести. Строительство нефтяных и газовых скважин на суше и на море, №10, 2009.

Жанабаев Т.А., Коргасбеков Д.Р.

Улучшение эффективного метода искусственного керн для исследования набухания керн из слоистых неустойчивых пород при помощи прибора ПНГ-1

Резюме: Рекомендация по созданию искусственного керн для исследования при помощи прибора ПНГ-1 набухания керн, взятое из неустойчивых глинистых слоев породы, при осложненных условиях в неустойчивых породах.

Ключевые слова: керн, горная порода, глинистый раствор, полимерные материалы, искусственный керн.

Zhanabayev T.A., Korgasbekov D.R.

Improvement of effective method of artificial core for research core sealing from layerly unstable soils by APG-1 applicant

Summary: Recommendation for the creation of an artificial core for the study with the APG-1 instrument, the core swelling taken from unstable clay rock layers, under complicated conditions in unstable rocks

Key words: core, rock, clay solution, polymeric materials, artificial core.

УДК 004.9:621.3

К.А. Seitov, Е.Е. Sadvakasov, А.М. Рамазанова С.С. Tabultaev
(КазННТУ имени К.И. Сатпаева, Almaty)

INFORMATION SUPPORT OF INDUSTRIAL SAFETY AT JSC "KELET"

Annotation. The article analyzed the information security tools of the enterprise JSC "Kelet", the information resources of the enterprise, the analysis of threats to information security, and the corresponding shortcomings were revealed. In accordance with the identified shortcomings, measures were proposed for their elimination by the method of logging, as a result of which the company will increase the effectiveness of protection equipment and reduce the risk of loss and distortion of information.

Key words: information security, cryptography, network, framework, hardware, software.

The urgency of the problem of information protection today is beyond doubt. The success of a modern company and its development in the face of intense competition depend to a large extent on the use of information technology, and hence on the degree of ensuring information security. JSC "Kelet" has various types of information of interest to intruders. First of all, these are commercial data, information that is the intellectual property of the enterprise and confidential data.

Therefore, the protection of information from undue possession of it is given a very significant place. At the same time, "the purposes of information protection are: prevention of disclosure, leakage and unauthorized access to protected information, prevention of illegal actions to destroy, modify, distort, copy, block information, prevent other forms of unlawful interference with information resources and information systems.

When analyzing the issues related to information security, it is necessary to take into account the specificity of this aspect of security, which is that information security is an integral part of information technology, an area developing at an unprecedentedly high pace. Here, it is not so much the individual decisions that are at the modern level that are important, as the mechanisms for generating new solutions that allow us to live at the pace of technical progress.

Analyzing the information security of the company JSC "Kelet", we can conclude that information security is given insufficient attention:

Lack of passwords to access the system; Absence of passwords when working with the program with 1C: Enterprise, when changing data; there is no additional protection for files and information (there is no elementary request for a password when opening or changing information in files, not to mention the means of data encryption); irregular updating of anti-virus database and scanning of workstations; a large number of documents on paper carriers mainly lie in folders (sometimes without them) on the employee's desktop, which allows attackers to easily use this kind of information for their own purposes; There is no regular discussion of information security issues in the enterprise and emerging problems in this area; there is no regular check of the working capacity of information systems of the enterprise, debugging is performed only in the event that they fail; lack of information security policy; lack of a system administrator.

All of the above are very important shortcomings in the information security of the enterprise. To carry out the set goals and solve problems, it is necessary to conduct activities at the levels of information security. To form an information security system, it is necessary to develop and approve an information security policy.

Depending on the formulated policy, you can choose specific mechanisms that ensure the security of the system. Organizational level of information protection:

- organization of work on training the personnel to work with new software products with the participation of qualified specialists;

- development of necessary measures aimed at improving the system of economic, social and information security of the enterprise.

- strict control of employees' compliance with the rules for working with confidential information;
- control compliance with the rules for storage of working documents of employees of the enterprise;
- scheduled holding of meetings, seminars, discussions on information security of the enterprise;
- regular (planned) inspection and maintenance of all information systems and information infrastructure for operability.

- assign a system administrator on an ongoing basis.

Software and technical measures to protect information:

- introduction of user passwords;

- introduction of the password request in the 1C: Enterprise program when working with the database, when changing the data. This can be done with the help of PC and program software.

- differentiation of access to files, directories, disks.

- regular scanning of workstations and updating of anti-virus program bases.

Cryptographic transformation of information.

Cryptographic protection of information is provided to ensure the confidentiality and integrity of information when it is transmitted over data channels. The protocol and audit is an integral part of information security. These concepts imply the collection, accumulation and analysis of events occurring in the information system in real time.

Within the framework of this article, the information security of the JSC "Kelet" JSC was analyzed, and measures were proposed to improve it. The implementation of measures will allow:

- delineate access rights to the system.

- increase the level of protection of information of each user individually and the system as a whole.

- develop and implement an information security policy that will be aimed at protecting information and associated resources.

- reduce the amount of spam.

- reflect malicious attacks through the network.

- to increase the level of protection of workstations.

The article analyzed the information security tools of the enterprise JSC "Kelet", the information resources of the enterprise, the analysis of threats to information security, and the corresponding shortcomings were revealed.

In accordance with the identified shortcomings, measures were proposed to eliminate them, as a result of implementation, which the company will increase the effectiveness of protection equipment and reduce the risk of loss and distortion of information. It should be noted that only with the joint interaction of personnel, software and hardware, and information security means is the effectiveness of these measures possible.

In conclusion, I would like to emphasize that no hardware, software or any other solutions can guarantee absolute reliability and security of data in computer networks. At the same time, minimizing the risk of losses is possible only with a comprehensive approach to security issues.

REFERENCES

[1] Zegzhda, DP, Ivashko, A.M. Fundamentals of Information Systems Security. - Moscow: Intuit, 2006.

[2] Zavgorodniy, V.I. Comprehensive information protection in computer systems. - Moscow: Logos, 2001.

[3] Yu. Rodichev "Normative base and standards in the field of information security", 2017.

Сеитов Қ.А., Садвакасов Е.Е. Рамазанова А.М., Табултаев С.С.

АҚ Келет кәсіпорының ақпараттық қауіпсіздігі

Түйіндеме. Мақалада АҚ "Келет" кәсіпорының ақпараттық қауіпсіздік құралдарына, ақпараттық ресурстарына, ақпараттық қауіпсіздіктің қатеріне талдау жүргізілген және сәйкесінше кемшіліктері анықталған. Анықталған кемшіліктерге сәйкес оларды хаттама әдісімен жою шаралары ұсынылған. Орындау нәтижесі кәсіпорынға ақпаратты бұрмалауды, жоғалту тәуекелі және қорғау құралдарының тиімдігін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Сеитов К.А., Садвакасов Е.Е. **А.М. Рамазанова С.С. Табултаев**

Информационное обеспечение промышленной безопасности на АО Келет

Резюме. В статье проведен анализ средств информационной безопасности предприятия АО "Келет", информационных ресурсов предприятия, анализ угроз информационной безопасности, и были выявлены соответствующие недостатки. В соответствии с выявленными недостатками были предложены меры их устранения по методу протоколирования, в результате выполнения, которых предприятие позволит повысить эффективность средств защиты и сократит риск потери и искажения информации.

Н.Ж. Нагыман¹, А.Е. Иембергенова², Д.С. Келгенбаев³, М.С. Алимкулова³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби

²Алматинская Тэплоэлектротроцентраль -1

³ТОО Алматинские Тепловые Сети

e-mail: nazym.nagyman@gmail.com)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ 1 – ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛАҒЫНЫҢ ЭНЕРГОТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ЖЫЛУ СОРҒЫЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОЛДАНУДЫ ЖОБАЛАУ

Аннотация. Жылу және электр энергиясын бірге өндіру эффективтілігін арттыру мақсатында Жылу Электр Орталығы (ЖЭО) схемасында жылу сорғылық құрылғыларды (ЖСҚ) қолдану зерттелді.

Түйін сөздер: жылу сорғылық құрылғы, ЖЭО, бу-газдық турбина, қазандық.

Қазіргі таңда Қазақстанның үлкен қалаларының жылумен қамтамасыздандырылуы негізінен орталықтандырылған жүйе – электр энергиясы мен жылуды қатар өндіретін Жылу Электр Орталығымен іске асады. Технологиялық жағынан ЖЭО-да жылу мен электр энергиясын осылай өндіру, электр энергиясын конденсациялық жылу электр станциясында және жылу энергиясын қазандықта жеке-жеке өндіруге қарағанда тиімді болып табылады. Алайда, бұл жағдайда айтарлықтай жылу шығыны орын алады. Оның үстіне ЖЭО қала ішінде орналасқандықтан, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы қоршаған ортаның экологиясына зиянын келтіреді. Жылу сорғылық құрылғыларды қолдану жылумен жабдықтау шарттарын жақсартып, бірінші реттік энергияны (органикалық жанармай) қолдануды қысқарта алады.

Жылу сорғылық құрылғы – төмен потенциалды жылу көзінен (төмен температуралы) аса жоғары температуралы тұтынушыға (жытутасығышқа) жылу энергиясын тасымалдауға арналған құрылғы.

Жылу сорғылық құрылғының жұмыс істеу принципі тоңазытқыштың жұмыс істеу принципіне ұқсас болып келеді, олардың айырмашылығы тек жылулық сорғы жағдайында суық емес жылу шоғырланады.

Әлемде үнемі аса қуатты жылу сорғылық құрылғыларды тұтынушыларды орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінде қолдануға деген сұраныс ұлғайып келеді. Бұл салада қазіргі таңда үздік болып отырған Швеция, АҚШ, Жапония, Франция, Финляндия және т.б. елдер. Аса қуатты жылу сорғылық құрылғылар үшін жылу көзі ретінде канализациямен ағатын сулардың жылуы, су қоймасы мен теңіздердің суы, техногенді текті жылулар қолданыла алады.

Бұл жұмыста Алматы қаласының 1-ЖЭО-да конденсациялық циклдердің су айналымдық жүйесінің жылуын қолданатын аса жоғары қуатты жылу сорғылық құрылғыларды қолдану мүмкіншіліктері қарастырылады. Бұл объекте жылу сорғылық құрылғыны орнатудың бірден бір артықшылығы қашыртқы жылудың үлкен көлемі және шындық су ысыту қазандықтарымен орыны толтырылатын жылу энергиясының тапшылығы. Сонымен қатар, ЖЭО-1-де жылу сорғылық құрылғыны енгізу атмосфераға зиянды заттардың шығынын азайтуға үлесін тигізеді.

ЖЭО-1 Алматы қаласын жеті магистраль бойынша жылумен қамтамасыз етіп отыр. Алматы қаласының жылу жүйесінің температуралық кестесі және ЖЭО-1 тұтынушыларының жылулық жүктеме графигі 1-суретте көрсетілген.

ЖЭО-1 орнатылған қуаты: электрлік қуаты – 145 МВт; жылулық қуаты – 1203 Гкал/сағ. Қазіргі уақытта Алматы-1 ЖЭО 6 энергетикалық (ст.№№8-13), 7 су жылытатын қазан (ст.№№ 1-7) және электр энергиясын өндіруге арналған 3 турбинамен жабдықталған. Әр БКЗ-160-100 (Ст.№№ 8-13) бу қазандықтарының буланғыштығы – 160 т/сағ, ПТВМ-100 (Ст.№1-7) су жылытқыш қазандықтарының буланғыштығы – 116,3 МВт/сағ (газда жұмыс істеген кезде – 100 Гкал/сағ, мазутта жұмыс істеген кезде – 75 Гкал/сағ).

Бу турбиналарының электрлік қуаты: Р 25-90/18 – 1*25 МВт және ПТ60-90/13 – 2*60 МВт.


Жылумен қамтамасыз ету турбиналары бар ЖЭО-да тұтынушыларды жылумен қамтамасыз ету үшін жылулық сорғыларды қолданғанша, жылуландыруды қолданған тиімді. Алайда, жылу жүйесінің жүктемесі артқан кезде, желілік суды шындық қыздыру қажет болған кезде, жылу сорғылық құрылғыларды қолдану жөн болып табылады [1]. Турбиналардың жылуландыру режимінде жұмыс жасауы кезіндегі айналымдық суға берілетін және жылу сорғылық құрылғыда қолданыла алатын жылудың минималды мөлшерін бағалап көрейік. Ол келесілерден тұрады:

1. Конденсаторға келіп түсетін бу конденсациясының жылуы. Турбоқұрылғыны эксплуатация бойынша нұсқаулыққа сәйкес жылуландыру режимінде жұмыс істеу кезінде будың минималды шығыны – 40...50 т\сағ. Сонымен қоса конденсатор жылуландыру режимінде 50...80% жылуын шығарады. Бұл жылудың мөлшері шамамен 2...3 МВт. Сонда әр турбинаның жылуландыру режимі кезіндегі конденсаторға жылуды шығаруы 30...40 МВт болады.

2. Генератор орамаларын және турбинаны майлау жүйесін суыту нәтижесінде айналмалы суға берілетін жылудың жүктемеге тәуелді мәні:

$$\Delta Q_r = 1,5\% \cdot N = 1 \dots 2,5 \text{ МВт} \quad \Delta Q_{mc} = 2 \dots 4 \text{ МВт}$$

3. Жылулық жүйені және блоктың сорғылық құрылғысын суыту нәтижесінде айналмалы суға берілетін жылу $\Delta Q_{ho} = 1 \dots 2 \text{ МВт}$



1-сурет. Жылу жүйесінің температуралық графигі

Осылайша, бір блоктың жылуландыру режимінде жұмыс істеуі кезіндегі айналмалы суға берілетін жылудың жалпы мөлшері 40...45 МВт болады. Мұндай қашыртқы жылуды жылу сорғылық құрылғы көмегімен желілік суды жылыту үшін қолдануға болады.

Мұндай технологияның және құрылғының прототипі Хельсенки қаласындағы (Финляндия) Katri Vala жылу сорғылық станциясында қарастырылған. Ол бір мезгілде 90 МВт жылу энергиясын және 60 МВт суықты өндіре алады және 5 Unitor 50FY AG (Швеция) жылу сорғылық құрылғыларынан тұрады. 1-кестеде Katri Vala станциясында орнатылған жоғарыда аталған жылу сорғылық құрылғылардың техникалық сипаттамалары көрсетілген.

1-кесте. Unitor 50FY AG жылу сорғылық құрылғыларының техникалық сипаттамалары


Сипаты	Жылыту кезеңі	Жаз кезеңі
Жылулық қуаты, кВт	16770	18113
Желілік су шығыны, м ³ /сағ	1221	370
Шығыс/кірістегі желілік су температурасы, °C	50/62	45/88
Электр қозғалтқышының қуаты, кВт	6500	6500
Кернеу, кВ	11	11
Суыту қуаты, кВт	12000	12000
Шығыс/кірістегі энергия көзінің температурасы, °C	10/4	20/4

Біздің ЖЭО-да да осы жылу сорғылық құрылғыларды қолдануға болады. Бізге белгілі, жылу сорғылық құрылғының тиімділігі трансформация коэффициентімен есептеледі [2,3]:

$$\phi = k \cdot \frac{T_1}{T_1 - T_2} \quad (1)$$

Желілік су температурасы мен қашыртқы жылу температурасының арасындағы айырмашылық минималды болған кезде трансформация коэффициентінің максималды мәніне қол жеткізіледі. Сондықтан кері желілік суды қыздыру үшін жылу сорғылық құрылғыларды қолдану тиімді болып табылады.

2-суретте қашыртқы жылу көзінің кіріс/шығысындағы температурасы – 18/12⁰С және желілік су шығыны 1400 м³/сағ болған кездегі Unitop 50FY жылу сорғылық құрылғысының есептік трансформация коэффициентінің кері су температурасына [4] тәуелділік графигі бейнеленген. Біздің жағдайда Алматы қаласының жылыту кезеңіндегі климаттық сипаттамаларын және Алматы қ. жылулық жүйесінің температуралық графигін (1-сурет) ескере келе жылу сорғылық құрылғының орташа трансформация коэффициенті 2,4 құрайды.



2-сурет. Қашыртқы жылу көзінің кіріс/шығысындағы температурасы – 18/12⁰С болғандағы Unitop 50FY жылу сорғылық құрылғысының есептік трансформация коэффициенті

Желілік су бойынша блоктың бойлері алдында жылу сорғылық құрылғыларды тізбектей немесе блоктың бойлеріне параллель орнату жағдайларын қарастырайық. Желілік су бойынша блоктардың бойлері алдында жылу сорғылық құрылғыны орнату кезінде бойлерге кірістегі желілік су температурасы шамамен 5⁰С-қа ұлғаяды. Бойлерге кірістегі желілік су температурасының 1⁰С-қа ұлғаюы (номиналды жүктеме кезінде) энергия блогының электрлік қуатының 1...1,5 МВт-қа төмендеуіне алып келеді.

Блоктардың бойлеріне параллель орнату кезінде энергоблоктардың экономикалық тиімді жұмыс істеуі үшін қыздыру үшін минималды температуралы желілік суды қолданған тиімді. Номиналды жүктеме кезінде блоктардың экономикалық тиімді жұмысы үшін әр блоктың бойлері арқылы өтетін шығын 5000 м³/сағ болуы тиіс. Сонда параллель орнатылған әр жылу сорғылық құрылғы арқылы желілік судың максималды шығыны 4000 м³/сағ немесе әр қайсысы үшін 800 м³/сағ құрайды.

Алматы қаласының ЖЭО-1-на жылу сорғылық құрылғыларды қосудың экономикалық тиімділігін есептеу үшін қазіргі жұмыс істеп тұрған құрылғылардағы электр және жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шартты жанармайдың шығынын есептеу қажет. Бұл мақсатта ЖЭО үшін шығындарды таратудың әдістері қарастырылды [5-13].

Энергетикалық блоктардың жұмысының эффективтілігі жүктемеден тәуелді болады, және минимал қуаттағы жүктеменің жылулық графигі кезіндегі, өз қажеттіліктеріне кететін шығынды ескермеген кезде жанармайды пайдалы қолданудың коэффициенті – 55%, ал номиналды кезде – 59,5%-ды құрайды. Блоктың өз қажеттіліктеріне кететін шығынды есептеген кезде – минималды мәнде – 50,5%, номиналды кезде – 87%.

Жылу мен электр энергияға кететін жанармайдың шығынын есептеу үшін келесі жұмыс режимі қарастырылды: жылулық график бойынша минималды жүктеме 150 МВт және 185 Гкал/сағ болатын бір блок жұмыс атқарады. БКЗ-160-100 режимдік картасына сәйкес жүктеме ұлғайған сайын жанармайдың салыстырмалы шығыны азаяды.

2-кестеде жоғарыда аталып өткен режимге сәйкес ЖЭО-1-дің есептік параметрлері көрсетілген.

Параметр	Режим
Генератордан өндірілетін электрлік жүктеме, МВт	150
Блоктардың өз қажеттіліктеріне жұмсайтын электр энергиясы, МВт	13
Жылу жүйесінің өз қажеттіліктеріне жұмсайтын электр энергиясы, МВт	22,5
Желіге электр энергиясын беру, МВт	114,5
Жылуға кететін жанармайдың салыстырмалы шығыны, кг у.т./Гкал	154
Өз қажеттіліктерін санамағандағы электр энергиясы жанармайының салыстырмалы шығыны, г у.т./кВт·сағ	160
Өз қажеттіліктерін ескергендегі электр энергиясы жанармайының салыстырмалы шығыны, г у.т./кВт·сағ	245,5

Алматы ЖЭО-1-ге 2 Unitop 350FY жылу сорғылық құрылғысын қоссақ жылу жүйесінің өз қажеттіліктеріне жұмсалатын электр энергиясының мөлшері 12,5 МВт-қа ұлғаяды, ал жылуды өндіру орташа есеппен 100 Гкал/сағ болады.

Құрылғыны орнату кезіндегі негізгі шығындар: энергия тасымалдағыштарға шығын, амортизация, ағымдағы жөндеу жұмыстары және т.б.

Қорытынды

Алматы ЖЭО-1-де жалпы қуаты 40 МВт болатын жылу сорғылық құрылғылар енгізуге мүмкіншілік бар. Мысал ретінде Unitop 50FY жылу сорғылық құрылғысы алынды. Нәтижесінде жанармайды қолдану мөлшері азаяды, атмосфераға зиянды қалдықтар мен жылудың бөлінуі азаяды. Осының бәрін қорытындылай келе Алматы қаласының ЖЭО-1-нің техникалық схемасына жылу сорғылық құрылғыны қосу мүмкіншілігі бар екенін, және оның бізге пайдасы көп екенін айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Швець М.Ю. Доцільність застосування теплових насосів для теплопостачання споживачів у схемах теплових електричних станцій // Відновлювана енергетика. № 2, 2010. – С. 71-75.
- [2] Швець М.Ю. Доцільність застосування теплових насосів для теплопостачання споживачів у схемах теплових електричних станцій // Відновлювана енергетика. № 2, 2010. – С. 71-75.
- [3] 3 *Теплотехніка*: Підручник. – 2-е вид., перероб. і доп./ Під ред. Б.Х. Драганова — К.: „ІНКОС”, 2005. – 400 с.
- [4] http://www.friotherm.com/downloads/katri_vala_e012_uk.pdf.
- [5] *Теплотехніка*: Підручник. – 2-е вид., перероб. і доп./ Під ред. Б.Х. Драганова — К.: „ІНКОС”, 2005. – 400 с.
- [6] *Апарцев М.М.* Наладка водяных систем централизованного теплоснабжения // Справочное пособие, М., Энергоиздат, 1983. – 202 с.
- [7] *Соколов Е.Я.* Теплофикация и тепловые сети, М., Энергоиздат, 1982. – 360 с.
- [8] *Пустовалов Ю.В.* К дискуссии о методах разделения затрат на ТЭЦ // Теплоэнергетика. 1992, № 9. – С. 48-55.
- [9] *Славина Н.А., Косматов Э.М., Барыкин Е.Е.* О методах распределения затрат на ТЭЦ // Электрические станции. 2001, № 11. – С. 11-14.
- [10] *Шаргут Я.Я.* Распределение затрат на производство тепла и электроэнергии на ТЭЦ // Теплоэнергетика. 1994, № 12. – С. 62-66.
- [11] *Пишр А.Э., Кунтыш В.Б.* Определение показателей тепловой и экономической эффективности ТЭЦ без разделения расходов топлива и оборудования по видам продукции // Теплоэнергетика. 2006. – № 5. – С. 66-69.
- [12] *Мелентьев Л.А.* Очерки истории отечественной энергетики. М.: Наука, 1987. – 280 с.
- [13] *Басок Б.И., Беляева Т.Г., Рутенко А.А., Лунина А.А.* Анализ экономической эффективности при реализации теплонасосных систем для теплоснабжения // Промышленная теплотехника. – 2008. – Т. 30. – № 4. – С. 56-63.

Нагыман Н.Ж., Иембергенова А.Е., Келгенбаев Д.С., Алимкулова М.С.

Проектирование использования теплонасосных установок для повышения энергетической эффективности Теплоэлектроцентрали-1 города Алматы

Резюме. Исследовано применение теплонасосных установок (ТНУ) в структуре схем теплоэлектроцентрали (ТЭЦ) для увеличения эффективности комбинированной выработки теплоты и электрической энергии.

Ключевые слова: теплонасосные установки, ТЭЦ, парогазовая турбина, котел.

Nagyman N.Zh., Iembergenova A.E., Kelgenbaev D.S., Alimkulova M.S.

Design of the use of heat pump equipment for improving energy efficiency of the heat and power plant-1 of Almaty

Summary. The application of heat pump plants in the structure of schemes of a combined heat and power plant for increasing the efficiency of combined heat and electric energy production has been studied.

Key words: heat pump plants, thermal power station, steam and gas turbine, boiler.

ӘОЖ 612.392.74:664.641

А.С Умирбекова, А.С Боранкулова, З.Б.Аскербай
(М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз, Қазақстан Республикасы,
ali_asel@mail.ru

**АШЫТҚЫСЫЗ ТАБИҒИ ӨЗДІГІНЕН АШЫТЫЛҒАН СҰЙЫҚ ҚАРА БИДАЙ
АШЫМАЛЫН ДАЙЫНДАУ**

Түйіндеме. Ашытқысыз өздігінен ашитын сұйық қара бидай ашымалын үш фазада дайындау көрсетілген. Асқабақ езбесі қосылған сұйық қара бидай ашымалының рецептурасы мен дайындау параметрлері және сапа көрсеткіштері анықталынған.

Түйінсөздер: сұйық қара бидай ашымалы, асқабақ езбесі.

Ашытқысыз нан пісіру бұрынғы ғасырдан бері белгілі, дегенмен қазіргі таңда Қазақстанда мүлде қолданылмайды деседе болады. Ашытқысыз табиғи ашымалды қара бидай ұнынан, бидай ұнынан және басқада ұндардан жасауға болады. Бұл табиғи ашымал өте пайдалылығымен ерекшелінеді, яғни дәл осы табиғи ашымал адам ағзасын құнды органикалық қышқылдырмен, табиғи дәрумендермен және минералды заттармен, ферменттермен, талшықпен, пектинмен және табиғи биостимуляторлармен байытады [1].

Биотехнологиялық үрдістер ағымының қарқындылығы, қара бидай, қара бидай-бидай қоспасы ұндары нандарының сапасы негізінен негізгі шикізатқа, яғни қара бидай ашымалының қасиетіне байланысты болады. Қазіргі таңда қою, жартылай қою, сұйық және құрғақ ашымалдарды дайындауда ғылыми – негізделген нобайларды қолданады. Жоғары сапалы дайын өнім алуда кеңінен қолданылатыны сұйық қара бидай ашымалы болып табылады. Қара бидай ашымалының сапасын көптеген факторлармен анықтауға болады, дегенмен көбінесе қоректік ортаның құрамымен, яғни шикізаттардың ашу микрофлорасын өсіру арқылы анықтайды. Қоректік қоспаның құрамын реттейтін негізгі қағидалар:

1. Үрдіс параметрлерінің өзгеру бағыты (температура, ылғалдылық, аэрация және т.б.)

2. Ашу микрофлорасына оң әсер ететін, құрамында көмірсу компоненттері және де басқа да заттар (минералдар, азотты, дәрумендер) бар, табиғи өсімдік қоспаларын қосуға болады [2].

1г ұнның құрамында ондаған мыңнан бірнеше миллиондаған микроағзалар бар. Микроағзалардың сапа құрамы саңырауқұлақтар, бактериялар, актиномицеттер және басқада микроағзалардың түрлері кездеседі. Бірақ олар төмен деңгейлі жағдайда болады. Ұнның ылғалдылығы 15%–дан төмен болса, микроағзалардың барлығы белсенді емес жағдайда болады, ал наубайхана өндірісіндегі шала өнімдердің ылғалдылығын 40–50%–ға жоғарлатқанда, микроағзалардың барлық түрлерінің дамуына қолайлы жағдай жасалады.

Ұнның амин қышқылдары, қанттары және дәрумендері ерітінді күйге өткенде микроағзалар үшін қол жетімді болады. Осы кезден бастап әр түрлі микроағзалар арасында тіршілік ету ортасына иелену үшін бәсекеге қабілетті күрес басталады. Осы жағдайда тіршілік етуге басқаларынан жақсы бейімделген микроағзалар ғана тіршілігін сақтап қала алады. Қамыр жағдайларына ең жақсы бейімделгені сүт қышқылды бактериялар болып табылады. Олар басқаларына қарағанда жылдам көбейеді. Басқа микроағзалардың өмір тіршілігін төмендетеді және сүт қышқылын түзеді. Ең бірінші сілтілік сүйгіш (щелочелюбывые) микроағзалар (шіріту бактериялары және тағы басқа), сосын бейтарап органы қалайтын микроағзалар (Е. Коли бактериялар тобы) өледі. Қышқылдығы одан әрі

жоғарлағанда қышқыл сүйгіш бактериялар (май қышқылы, сірке қышқылы) өмір тіршілігін тоқтатады.

Бактериялар, жоғары қышқылдылықты ортасын қалайтын түрлі ашытқылардың түрлері (сахаромицес және сахаромицестер емес), зeaң саңырауқұлақтары және тағы басқалары тек аэробты жағдайда өсуі мүмкін. Сахаромицестер сонымен қатар қосымша анаэробты болып табылады. Ол ұнды шикізаттардың оттегісіз жағдайында да пайда болып, дамуға қабілетті. Культивирлеу нәтижесінде қышқылдылығы жоғары шалаөнімдердің (ашымал, қамыр) анаэробты жағдайында өсе алатын ашытқылар мен сүт қышқылды бактриялар қалады. Осыған байланысты ашытқылармен сүт қышқылды бактериялардан спирт жинақтағанда, сүт қышқылы және оттегінің қатысуы оларда бөтен микроағзалардың дамуына жол бермейді. Осыған байланысты ашытқылар және сүт қышқылды бактериялар синергистам болып табылады [3].

Сүт қышқылды бактериялармен ашытқылардың белсенді тіршілік етуіне әсер ететін, сұйық ашымалдың күрделі субстраттарының негізгі қайнар көзі болып табылатын көміртекті және азотты тамақтану, дәрумендер, өсіру стимуляторлар және минералды заттардың болуын қажет етеді. Негізгі тұтынылатын субстраттарға моносахаридтер мен дисахаридтер жатады. Сұйық ашымалдың негізгі қайнар көзі белгілі мөлшердегі ұн мен судан тұратын қоректік қоспа болып табылады.

Құрамындағы қант сіңімділігін және көмір су мөлшерін арттыру үшін сұйық қара бидай ашымалының қоректік қоспасына асқабақ езбесін қосу ұсынылады.

Асқабақтың химиялық құрамының ерекшелігіне құрамындағы су мөлшерінің көптігі және жеңіл сіңетін әртүрлі көмірсулардың бар болуы, орташа мөлшерде— қант және С дәрумені, салыстырмалы түрде пектинді және минералды заттардың жоғары мөлшерлігі, әсіресе калий мен темірдің көп мөлшерде болуы жатады. Сонымен қатар асқабақ, асқабақ етіне сары түс беретін каротинге өте бай келеді, оны термоөндеуден өткізу кезінде өзінің пайдалы қасиеттерін жоғалтпайтындығы айқындалды.

Зерттеуді жүргізу барысында ашытқысыз өздігінен ашитын табиғи сұйық қара бидай ашымалын, тек ұн мен су қоспасынан дайындалды. Зерттеу барысында ылғалдылығы 75 %-дық ашымалды 200 г ұнға су мөлшерін есептеу арқылы дайындалды.

Ашымалды дайындау барысы үш фазаға бөлінді. Қоректік қоспасыз тек ұн мен судан бақылау үлгісі дайындалды. Ашымалдың сапа көрсеткішін әр фазадан кейін анықталды. Үш фазада дайындалған ашымалдардың жалпы көріністері 1-ші суретте көрсетілген. Бірінші фазасында тек ұн мен суды қосып 24 сағатқа 28°C температурада ашытылады (сурет - а).



а-бірінші фазадағы ашымал



ә-екінші фазадағы ашыма



б-шінші фазадағы ашымал

1-сурет. Үш фазада дайындалған ашымал

Бұл фазада ашымалдың бетіне көпіршіктер пайда болады, иісі жағымсызданады, бұл оның құрамында микроағзалар дамып жатқанын айқындайды. Ашымалдың қышқылдылығы 6 градусқа жетеді. Екінші фазасында осы ашыған ашымалдың салмағына тең ұн мен судан тұратын қоректік қоспа қосып, 28°C температурада 12 сағат ашытады (сурет - ә).

Нәтижесінде ашымалдың қышқылдылығы 9 градусқа жетеді. Ашымалдың иісі хош иістеніп қалыпқа келе бастайды. Дәмі қышқылтым болып, түрі жақсара түседі.

Үшінші фазада ашымал салмағына тең қоректік қоспа қосып, 28°C температурада 6 сағат ашытылады (сурет б).

Нәтижесінде ашымалдың қышқылдылығы 11 градусқа жетті. Үшінші фазада дайын ашымалға тән дәмі мен иісі пайда болды. Дайын ашымал қажетті қышқылдылыққа жеткенде және дәмі мен иісі ашымалға тән болғанда көбейту циклі тоқтатылады.

Ашымал дайындау рецептурасы мен сапа көрсеткіштері 1-ші кестеде көрсетілген.

Қышқылдылығы 9–13 градусқа жеткен дайын сұйық қара бидай ашымалын ашуын басу үшін 2 тәулікке тоңазтқышқа салып қояды. Содан кейін ғана ашымалды пайдалануға болады. Дайын ашымалды тоңазтқышта сақтаудың ұзақ мерзімі 30 тәулікке дейін ғана. Егер де ашымалды одан ары сақтау үшін оны міндетті түрде қоректендіріп отыру керек. Қоректік қоспасы ретінде ашымал салмағына тең ұн мен су қоспасы қосылады. Ашымалды қоректендірер алдында міндетті түрде оны жылыту керек. Ашымал өзінің көтерілу күшіне жеткенде оның бір бөлігін керекті мөлшерде қамыр илеуге, ал қалған бөлігінен ашымал салмағына тең қоректік қоспа қосып, жаңартылады. Қоректік қоспаны қосқаннан кейін оны 28–30 °C температурада, 2,5–3 сағат ашытып, қайтадан тоңазтқышқа салып сақтай береді.

1-кесте. Сұйық қара бидай ашымалының рецептурасы мен сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Көбейту цикліндегі өнімдердің фазалық шығымы		
	I	II	III
<i>Рецептурасы</i>			
Қара бидай ұны, г	50	50	100
Су, г	85	85	170
<i>Технологиялық бөлім</i>			
Ашымалдың жалпы салмағы, г	135	135	270
Температурасы, °C	28	28	28
Ылғалдылығы, %	75	75	75
Қышқылдылығы, град	6	9	11
Ашу ұзақтығы, сағ	24	12	6

Тоңазтқышқа салғанда ашымалдың микроағзалары өміртіршілігін уақытша тоқтатады және ашымалдың қышқылдығы бір қалыпты болып тұрады. Егер ашымалға қайтадан қолайлы жағдай жасалса, ондағы микроағзалар қайта дами бастайды.

Егерде ашымалды жоғары температуралы, яғни микроағзалдардың дамуына қолайлы жерде сақтаса, ашымалдың қышқылдылығы одан әрі жоғарылап, ашымал пайдалануға жарамсыз болып, бөлініп кетеді. Бүлінген ашымалды пайдалануға болмайды. Сол себепті ашымалды тоңазтқышта сақтайды.

Сонымен қатар ашымалдың қышқылдылығы қажетті қышқылдылыққа жетпесе, онда одан иленген қамырдың және пісірілген нанның сапа көрсеткіші нашар болады.

Ашымалдың органолептикалық және физика–химиялық көрсеткіштері 2-ші кестеде көрсетілген.

2-кесте. Ашымалдың органолептикалық және физика–химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Сұйық қара бидай ашымалы
Органолептикалық көрсеткіштері	
Түсі	Сұр
Дәмі	Өзіне тән қышқылтым, бөтен дәмсіз
Иісі	Өзіне тән, бөтен иіссіз
Физико–химиялық көрсеткіштері	
Ылғалдылығы, %	75
Қышқылдылығы, град	11

Ылғалдылығы 75% болатын сұйық қара бидай ашымалынан қамыр илелеуге 200 г қара бидай ұнына есептей отырып рецептура құрастырылды. Құрастырылған рецептура бойынша қамыр илеуде алдын-ала дайындалып, тоңазтқышта сақталынған сұйық қара бидай ашымалы қолданылды. Ең алдымен ашымалды тоңазтқыштан алып, егер бөлме температурасында жылытатын болса, ол ұзақ уақытты алады, сол себепті оны температурасы 40°C болатын жылы суға 30–60 минут көтерілу күшіне жеткенге дейін ұстайды. Ашымал тез көтерілу үшін оның суын 5–10 минут сайын жылы суға ауыстырып отыру керек.

Асқабақ езбесінің сұйық ашымалдың сапа көрсеткішіне әсерін анықтау үшін оны қоректік қоспасына ұн салмағының 10%, 20%, 30% және 40% мөлшерде қосады. Асқабақ езбесі қосылған ашымалдардың рецептурасы мен сапа көрсеткіштері 3-ші кестеде көрсетілген.

Зерттеу барысында ашымалдың ылғалдылығы 85 % –ға дейін жоғарлады және тұтқырлығын төмендетіп, өндірістерде тура дәлдікпен мөлшерленуін жақсартатын ашымал алынды. Сынақ ретінде қара бидай ашымалының өздігінен ашытылып дайындалған, ылғалдылығы 75% – дық қайнатпасыз табиғи түрі қолданылды. Нәтижесінде асқабақ езбесі ашымалдың қышқылдылығын өзгертпей бірқалыпты ұстады және оның көтерілу күшін тездетті, сомен қатар ашу ұзақтығын қысқартты.

3-кесте. Асқабақ езбесі қосылған ашымалдардың рецептурасы мен сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Дәстүрлі	Асқабақ езбесінің пайыздық мөлшерлемесі			
		10%	20%	30%	40%
Рецептура					
Ашымал, г	100	100	100	100	100
Қоректік қоспа, г	100	100	100	100	100
Қара бидай ұны, г	28,4	25,56	22,72	19,88	17,04
Асқабақ езбесі, г	–	2,84	5,68	8,52	11,36
Су, г	71,6	71,6	71,6	71,6	71,6
Технологиялық бөлімі					
Температурасы, °С	35	35	35	35	35
Ылғалдылығы, %	75	77	79	82	85
Қышқылдылығы, град	12	12	12	12	12
Көтерілу күші	35	35	30	25	25
Ашу ұзақтығы, сағ	3,5	3,5	3,5	3	3

Органикалық және физика–химиялық көрсеткіштері бойынша жақсы көрсеткішті 30–40% мөлшерде асқабақ езбесі қосылған сұйық қара бидай ашымалы көрсетті. Осыған байланысты асқабақ езбесі қосылған ашымалды сынақ үлгісімен салыстырғанда қышқыл тұзу қабілетін бір қалыпты ұстап, газ тұзу қабілетін және көтерілу күшін жақсартты.

S. Bolegenova, Sh. Ospanova, B. Rakhat, A. Arystan, A. Turbekova, M. Turgynov

(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: Shynar.Ospanova@kaznu.kz)

COMPUTER SIMULATION OF THE BREAKUP, DISPERSION AND EVAPORATION PROCESSES OF LIQUID HYDROCARBON FUELS' DROPLETS

Abstract. This article is devoted to the study of breakup, dispersion and evaporation of drops of two types of liquid fuels. The octane and dodecane were used as liquid fuels in the researches. There was also constructed the model of the combustion chamber in a cylinder form. During the numerical simulation has been determined optimum combustion mode for two types of liquid fuel. Optimum pressure for octane was 100 bar and for dodecane was 80 bar. Optimal injection mass for octane was 6 mg and for dodecane was 7 mg. Under these optimum values the computational experiments to study of ignition and combustion of octane and dodecane were conducted.

Keywords: combustion, numerical simulation, octane, dodecane, combustion chamber.

One of complex challenges of thermal physics is the numerical study of the combustion of liquid fuels, due to accounting of a large number of complex, interrelated processes and phenomena. Therefore, numerical simulation is becoming vitally important in the area of study of combustion processes and design of different devices, which use combustion process. Undoubtedly, in the future its role will increase. Having opportunity to optimize some experiment on the basis of its virtual prototype making wide distribution of Methods of computing hydrodynamics over the thermal physics. Obviously, in this days all problems arising in aerodynamics and hydrodynamics at the numerical solution of the equations of Navier - Stokes, will be hardly solved. Therefore, due to the dramatic popularity of numerical studies in solving scientific and technical problems, it is necessary to ensure more possibilities of scientific and practical sides of this issue. Methods of mathematical modeling can be the most successful condition to solve practical issues in each subject area.

Improved prospects of wide using of methodology and the specific physical results in considered areas and also paths of more efficient application of methods of mathematical modeling which use the modern computer technology in various subject areas are realized by high level of researches achieved [1]. It is observed that in recent years, produced 60 million cars that is approximately 165,000 cars produced per day, this is the relevance of using of liquid fuels. Nowadays car engines are significantly different from decades ago ones. The main combustion process in engines is the same, but the types of injections are substantially different. For example, modern engines with electronically controlled injection system with air compression mechanism which enhances the combustion process, use only the required amount of fuel [2-4].

Thus, problems of saving energy and improvement of an ecological condition of heat-power object in many respects depend on the organization of high-quality combustion of fuel. However, considering that all available technologies of a fuel-preparation and combustions are practically perfect, but the efficiency and

ecological purity of package boilers in many cases are not well done, consequently, there is a problem of searching of new methods in the field. Simulation of the collapse, dispersion, evaporation and combustion of liquid fuel droplets under different initial conditions is relevant to solve this problems.

Introduction of new technologies requires the considerable expenses, therefore increasing requirements are imposed to methods of projection and working off of equipment. Thus, now, the special attention gets not only creation of efficient physical and mathematical analogs, but also development of new more perfect methods of numerical realization of systems of the subtraction equations describing a convective heat-mass transfer in combustors. Mathematical modelling of combustion of liquid fuels is the complex challenge as it requires the accounting of a large number of the complex interrelated processes and the phenomena such as: multistage chain chemical reactions, transfer of an impulse, heat and weight by a convection, molecular transfer, radiation, turbulence, evaporation of drops of liquid [5].

Size of drops can reach several microns, while the sizes of fuel channels exceed them by several times under atomization of liquid fuel by pneumatic nozzle of the gas-turbine engine. Using uniform grids in describing the collapse of the liquid film on a droplets of various sizes requires correct permission net model of phase boundaries, which leads to unreasonably high computing expenses. Application of a local refinement of grids allows to manage less detailed grids and helps to approach the problem. But there is a question of influence on results of simulation of the dynamic changes of the grid model, associated with the characteristics of airborne-droplet flow instead.

The majority of currents by the nature have turbulent character, a condition of turbulence strongly influences on such parameters of a current as transfer of an impulse, temperatures and concentration of substances in the mixture during the flow motion. In this chapter, the thesis shows the mathematical model describing the burning of liquid fuels on the basis of the equations of conservation of mass (ρ), momentum ($\rho\vec{u}$), energy (E) and concentration (c) [6-8].

$$\frac{\partial \rho}{\partial t} + \operatorname{div}(\rho\vec{u}) = S_{mass}, \quad (1)$$

where \vec{u} - the velocity of the fluid. The source term S_{mass} is a local change of gas density due to evaporation or condensation.

The conservation equation of an impulse of gas has the following appearance:

$$\rho \frac{\partial \vec{u}}{\partial t} + \rho(\vec{u} \cdot \operatorname{grad})\vec{u} = \operatorname{div}\vec{\xi} + \rho\vec{g} + S_{mom}. \quad (2)$$

$S_{mom} = 0$ for a single-phase flow of gas; S_{mom} is the local rate of change in momentum in the gas phase due to the movement of droplets for two-phase.

Conservation equation of an internal energy:

$$\rho \frac{\partial E}{\partial t} = \vec{\tau} : \vec{D} - \rho \operatorname{div}\vec{u} - \operatorname{div}\vec{q} + S_{energy}, \quad (3)$$

where \vec{q} - the specific heat flux, it is the Fourier law of heat transfer, $\vec{\tau} : \vec{D}$ is the rate of increase of the internal energy due to viscous dissipation. Source term S_{energy} denotes the contribution to the change of an internal energy due to the presence of atomized liquid or solid phase.

The conservation equation of concentration of a component:

$$\frac{\partial(\rho c_m)}{\partial t} = - \frac{\partial(\rho c_m u_i)}{\partial x_i} + \frac{\partial}{\partial x_i} \left(\rho \cdot D_{c_m} \cdot \frac{\partial c_m}{\partial x_i} \right) + S_{mass}, \quad (4)$$

where ρ_m - a mass density of a component m , ρ - full mass density.



More universal models in engineering calculations of turbulent flows are models with two differential equations. Using in technical flows model with two differential equations [9-11] is the most common. $k - \varepsilon$ is model when two equations for a kinetic energy of turbulence and dissipation rate are solved:

$$\rho \frac{\partial k}{\partial t} + \rho \frac{\partial \bar{u}_j k}{\partial x_j} = \frac{\partial}{\partial x_j} \left[\left(\mu + \frac{\mu_t}{\sigma_k} \right) \frac{\partial k}{\partial x_j} \right] \frac{\partial \bar{u}_i}{\partial x_j} + G - \frac{2}{3} \rho k \delta_{ij} \frac{\partial \bar{u}_i}{\partial x_j} - \rho \varepsilon, \quad (5)$$

$$\rho \frac{\partial \varepsilon}{\partial t} + \rho \frac{\partial \bar{u}_j \varepsilon}{\partial x_j} - \frac{\partial}{\partial x_j} \left[\left(\mu + \frac{\mu_t}{\sigma_\varepsilon} \right) \frac{\partial \varepsilon}{\partial x_j} \right] = c_{\varepsilon_1} \frac{\varepsilon}{k} G - \left[\left(\frac{2}{3} c_{\varepsilon_2} - c_{\varepsilon_3} \right) \rho \varepsilon \delta_{ij} \frac{\partial \bar{u}_i}{\partial x_j} \right] - c_{\varepsilon_2} \rho \frac{\varepsilon^2}{k}. \quad (6)$$

This is the standard equation of $k - \varepsilon$. Values, c_{ε_1} , c_{ε_2} , c_{ε_3} , σ_k , σ_ε , are modal constants which are determined from the experiment. Typical values of these constants are commonly used in engineering calculations and are taken from the literature [12-15].

Chemical kinetics of combustion is represented as generalized chemical reactions for the two kinds of fuel - octane and dodecane:



as a result there are the formation of the following combustion products: CO_2 and H_2O .

Model of the combustion chamber in the form of a cylinder which height is 15 cm, diameter is 4 cm. The general view of the combustion chamber is shown in Figure 1. The calculated area consists of 650 cells. Liquid fuel is injected through the nozzle which is located in the lower part of the combustor. The area of the nozzle is equal to $2 \cdot 10^{-4} \text{ cm}^2$. Temperature of walls of the combustion chamber 353 K. Initial temperature of the gas in the combustion chamber 900 K, the fuel is injected at 300 K. Initial radius of injected droplets 25 microns. The angle at which droplets are injected equal 10^0 . Combustion chamber pressure is 80 bar, the liquid fuel injection velocity is 250 м/с.




Figure 1. The general view of the combustion chamber

The optimal values of the combustion chamber pressure is 100 bar for octane and 80 bar for dodecan. Overall, it can be concluded that optimal octane mass for injection is 6 mg and 7 mg for dodecane. At this values of the injection mass of liquid fuel temperature reaches the maximum value. Further increase of the injection mass for both octane and dodecane at optimal pressures make worth the combustion process and leads to a further lowering of the temperature

The following figures show the results of numerical simulation of combustion of octane and dodecane in the combustion chamber at the optimal pressure and mass values. Figure 2 shows the distribution of octane droplet by sizes by height of chamber at time $t = 2,5 \text{ ms}$. At time $t = 2,5 \text{ ms}$ octane and dodecane droplets rose to the camera height equal to 0.62 cm and 0.72 cm, respectively. Analyzing the behavior of dodecane it is noticed that it drops rise to a height of 0.72 cm at time $t = 2,5 \text{ ms}$, and the droplets sizes slightly larger droplets of octane (Figure 2 b).

Paying attention to distribution of octane and dodecane on radiuses it is possible to notice that dodecane droplets evaporate quickly and the distribution density is higher. Also the size of droplets of octane grows by time. Thus, for example, at the time of 2 ms in the lower part of the chamber located droplets with

a radius of 0.024762 mm. And at this time dodecane droplets with the same sizes completely burned out, and droplets with smaller radiuses move up by chamber height to an exit.

Figure 3 shows the temperature field in the combustion chamber during combustion of octane and dodecane at time $t = 2,5$ ms. These charts indicates that during the combustion of octane the large part of chamber warmed to 987.192 K, during the dodecane combustion chamber held longest value of the temperature equal to 1003.05 K. At time $t = 2,5$ ms in the core of temperature flame temperature reaches a value of 2687.32 K during the combustion of octane (Figure 3 a).

During the combustion of dodecane maximum temperature was 2679.87 K, and the temperature of the chamber, except for the zone of plumes reaches 1003.05 K (Figure 3 b). There is following situation for the temperature distribution of two types of fuels: the area covered by the maximum temperature during combustion of both fuels at different points of time almost the same. But during combustion of dodecane temperature of whole volume of chamber hated faster in comparison with octane. Analyzing the data obtained, we can conclude that the process of combustion of octane and dodecane occurs in the gas phase and over the whole volume of the combustion chamber there is a uniform temperature distribution.




Figure 2. Distribution of droplets of octane and dodecane by radius by height of combustion chamber at time $t = 2,5$ ms




Figure 3. Temperature profiles in the combustion chamber during the combustion of octane and of dodecane at time $t = 2,5$ ms

Figure 4 shows field concentration both fuels at different times of combustion. It is observed in the figures, that the pair of octane and dodecane at time $t=2,5$ ms have a certain concentration. So, for the octane value of the concentration was 0.0473794 g/g, and for dodecane 0.3603 g/g. In comparison the octane and dodecane it is shown that a pair of both fuels rise to different heights. For example, at time $t=2,5$ ms pair octane climb chamber height of 2.3 ms, and a pair of dodecane at the same time located at a height of 2.6 cm.




Figure 4. Distribution octane and dodecane vapor by height of combustion chamber at time $t = 2,5$ ms

The following figure 5 shows for comparison the combustion temperature distributions of gasoline, heptane and tetradecane at optimum combustion mode. Analysis of Figure 5 shows the change in temperature in the combustion chamber for the three kinds of fuels. It can be seen that the area of maximum temperature of gasoline (the core of the torch) reaches 6.5 cm in height of the combustion chamber, the rest of the chamber is heated to 1300 K (Figure 5 a).




Figure 5. The temperature distribution in the combustion chamber during the combustion of various kinds of liquid fuel at time of 4 ms

Results for heptane and tetradecane similar to results for gasoline in qualitative terms, differing quantitatively. Analysis of Figure 5 b shows that the maximum temperature in the combustion chamber during combustion of heptane equal to 1300 K at time 4 ms. The remainder of the chamber maintains the initial temperature of 900 K. Analysis of figure 5 c shows that the greatest value, which warms up combustion chamber by burning tetradecane, temperature is equal to 2022 K, where in the torch is a temperature higher than that of heptane (Figure 5 b). The chamber temperature at the final time 4 ms is 1200 K.

This article is devoted to the influence of various parameters on the processes of combustion of hydrocarbon liquid fuels. During the research two kind of liquid fuels were used: octane and dodecane, which are often used as a technical fuel in the aviation technical equipment and passenger cars. During the study the influence of the initial gas pressure in the combustion chamber on the combustion processes was investigated. Analysis of the numerical simulation results leads to the conclusion that the best for octane is a pressure of 100 bar and 80 bar dodecane. At these pressures, the temperature of the drops and the combustion temperature in the combustion chamber reaches the maximum values. Under these pressures intensive evaporation of the liquid fuel drops begin. Also, in the study of the influence of pressure in the combustion chamber on the processes of the atomization and dispersion of liquid fuel has been shown that for the two fuels increase in pressure causes an increase high temperatures.

The scientific importance the research is that the results obtained in this work can be applied in the construction of liquid fuel combustion theory and will contribute to a better understanding of the complex physical and chemical phenomena that occur in the combustion chambers. The practical significance of the conducted computational experiments in the work is that the results can be used in the design of a variety of internal combustion engines, which would simultaneously solve the problem of optimizing the combustion process, increase fuel efficiency and minimize emissions. The results are implemented in the educational process in the form of textbooks, manuals and virtual computer laboratory works on physics of combustion and numerical methods of thermal physics, which reflect modern approaches to organizing a special workshop intended for students in higher educational establishments specializing in the field of technical physics, thermal energy and computational fluid dynamics.

REFERENCES

- [1] Askarova, S. Bolegenova, Bolegenova Symbat, I. Berezovskaya, Zh., Ospanova Sh., Shortanbayeva, A. Maksutkhanova, G. Mukasheva and A. Ergalieva Numerical Simulation of the Oxidant's Temperature and Influence on the Liquid Fuel Combustion Processes at High Pressures // Journal of Engineering and Applied Sciences. - 2015. - Vol. 10, №4. - P. 90-95.
- [2] Gorokhovski, M., Chtab-Desportes, A., Voloshina, I., et al. Stochastic simulation of the spray formation assisted by a high pressure // AIP Conference Proceedings. – Xian, 2010. – Vol. 1207. – Vol. 66-73.
- [3] Gorokhovski M., Zamansky R., Ribault C.Le., Deng T. Application of stochastic models to primary airblast atomization and cavitation // Proceedings of the Summer Program, Center for Turbulence Research. - Stanford University, 2012. – P. 325-334.
- [4] Gorokhovski M., Zamansky R. Lagrangian simulation of large and small inertial particles in a high Reynolds number flow: Stochastic simulation of subgrid turbulence/particle interactions // Proceedings of the Summer Program, Center for Turbulence Research. - Stanford University, 2014. – P. 37-46.
- [5] Bolegenova S.A., Askarova A.S., Gabitova Z., Bekmuhamet A., Ospanova Sh. Using 3d modeling technology for investigation of conventional combustion mode of bkz-420-140-7c combustion chamber // Journal of Engineering and Applied Sciences, 2014. – Vol. 9. – P.24-28.
- [6] Askarova, A. S., Karpenko, E. I., Messerle, V. E., Ustimenko, A. B. Mathematical modelling of the processes of solid fuel ignition and combustion at combustors of the power boilers // 7th International Fall Seminar on Propellants, Explosives and Pyrotechnics. – Xian, 2007. – Vol. 7. – P. 672-683.
- [7] Askarova, A.S., Ustimenko, A. B., Bolegenova, S. A., Maksimov, V. Yu. Numerical simulation of the coal combustion process initiated by a plasma source // Thermophysics and aeromechanics. – 2014. – Vol 21, issue 6. – P. 747-754.
- [8] Amsden A.A., O'Rourke P.J., Butler, T.D. KIVA-II: A computer program for chemically reactive flows with sprays. – Los Alamos, 1989. – 160 p.
- [9] Bolegenova, S.A., Maximov, V.Y., Bekmukhamet, A, Beketayeva, M.T. Gabitova, ZK., et al. Computational method for investigation of solid fuel combustion in combustion chambers of a heat power plant // High temperature. – 2015. - Vol. 5, issue 5. – P. 751-757.
- [10] Askarova, A. S., Messerle, V. E., Bolegenova, S. A., Maximov, V. Yu. Gabitova, Z. Kh., et al. Numerical simulation of pulverized coal combustion in a power boiler furnace // High temperature. – 2015. – Vol. 53, issue 3. – P. 445-452.
- [11] Maximov, V., Bolegenova, S., Beketayeva, M., Safarik, P., et al. Numerical Modeling of Pulverized Coal Combustion at Thermal Power Plant Boilers // Journal of thermal science. – 2015. – Vol. 24, issue 3. – P. 275-282.
- [12] Karpenko E.I., Messerle V.E. et al. Plasma enhancement of combustion of solid fuels // Journal of High Energy Chemistry. – Vol. 40, Issue: 2, 2006. – P.111-118.
- [13] 13. Askarowa A, Buchmann M.A. Structure of the flame of fluidized-bed burners and combustion processes of high-ash coal//Gesell Energietechn, Combustion and incineration - eighteenth dutch-german conference on flames, VDI Berichte, v: 1313 pp.: 241-244, 1997.

[14] Vockrodt S., Leithner. R, Schiller A., et al. Firing technique measures for increased efficiency and minimization of toxic emissions in Kasakh coal firing // VDI, 19th German Conference on Flames, Germany, VDI Gesell Energietechn; Verein Deutsch Ingn., Combustion And Incineration, VDI Berichte, v. 1492, pp. 93, 1999.

[15] V.E. Messerle, A.B. Ustimenko, S.A. Bolegenova, V.Yu. Maximov, et al. Reduction of noxious substance emissions at the pulverized fuel combustion in the combustor of the BKZ-160 boiler of the Almaty heat electropower station using the "Overfire Air" technology // Thermophysics and Aeromechanics. -2016 - Vol. 23, No. 1, pp. 125-134.

Болегенова С., Оспанова Ш., Рахат Б., Арыстан А., Турбекова А., Тургынов М.

Сұйық көмірсутекті отындардың тамшыларының бөліну, дисперсия және булану процестерін компьютерлік модельдеу

Түйіндеме. Аталған мақала екі түрлі сұйық отындардың тамшыларының бөліну, дисперсия және булану процестерін зерттеуге арналған. Зерттеу барысында сұйық отын ретінде октан және додекан қолданылды. Сонымен қатар цилиндрлік жану камерасының моделі тұрғызылды. Сандық модельдеу барысында екі сұйық отын түрі үшін тиімді режим анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша октан үшін тиімді қысым 100 бар, ал додекан үшін 80 барға тең болды. Октан үшін тиімді бұрку массасы 6 мг, ал додекан үшін 7 мг құрады. Аталған тиімді режим мәндерінде октан мен додеканның тұтануы мен жануы бойынша есептеуіш тәжірибелер жүргізілді.

Түйінді сөздер: жану, сандық модельдеу, октан, додекан, жану камерасы.

Болегенова С., Оспанова Ш., Рахат Б., Арыстан А., Турбекова А., Тургынов М.

Компьютерное моделирование процессов распада, дисперсии и испарения капель жидких углеводородных топлив

Резюме. Эта статья посвящена изучению распада, дисперсии и испарения капель двух видов жидкого топлива. В исследованиях в качестве жидких топлив были использованы октан и додекан. Была также построена модель цилиндрической камеры сгорания. В ходе численного моделирования был определен оптимальный режим горения для двух видов жидкого топлива. По результатам исследования оптимальное давление для октана составило 100 бар, а для додекана 80 бар. Оптимальная масса впрыска для октана составила 6 мг, а для додекана 7 мг. При данных значениях оптимального режима были проведены вычислительные эксперименты по изучению воспламенения и горения октана и додекана.

Ключевые слова: горение, численное моделирование, октан, додекан, камера сгорания.

ЖОК 537.851

Б. Дуаметұлы, Б.П.Қалауов

(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Сәтбаев университеті

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

bahat62@yahoo.com)

ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ИНДУКЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Ұсынылып отырған жұмыстың негізгі мақсаты – электромагниттік индукция құбылысын жүйелі түрде зерделеу арқылы индукциялық электр қозғаушы күшінің (ЭҚК) пайда болу себептерін және пайда болған индукциялық токтың бағытының өзгеру заңдылықтарын зерттеу. Электромагниттік индукция құбылысында индукциялық токтың пайда болу себебін және оның шамасының неге тәуелді болатындығын түсіну оңай болғанымен, индукциялық токтың бағытының қалай болатындығын түсіну қиын. Сондықтан, бұл жұмыс аталған мәселені шешуге өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Түйін сөздер: магнит өрісі, магнит ағыны, магнит ағынының өзгерісі, магнит ағынының өзгеру жылдамдығы, электромагниттік индукция, индукциялық ток, индукциялық электр қозғаушы күш.

Электромагниттік индукция құбылысы магнит өрісінің электр тогын тудыратын қасиетін сипаттайды. Индукциялық электр қозғаушы күші (ЭҚК) төмендегі екі түрлі жағдайда пайда болады. Контурды қиып өткен магнит ағыны уақыт бойынша өзгерген кезде немесе контурдағы өткізгіштің бір бөлігі магнит өрісін қиып өткен кезде өткізгіштің осы бөлігінде индукциялық электр қозғаушы күші пайда болады. Өткізгіштің бір бөлігінде пайда болған индукциялық электр қозғаушы күшінің бағыты Ленц және оң қол ережесі бойынша анықталады. Контурды қиып өтетін магнит ағыны уақыт бойынша өзгерген кезде, сол контурда пайда болатын индукциялық ЭҚК-нің бағыты Ленц ережесі бойынша анықталады.

Тұйық контурдағы индукциялық токты индукциялық ЭҚК-і тудырады. Сондықтан индукциялық токтың бағыты үнемі индукциялық электр қозғаушы күшінің бағытымен бірдей болады. Ток көзінің ішіндегі электр тогының бағыты ток көзінің теріс (минус) электродынан оң (плюс) электродына қарай бағытталады. Сондықтан электр қозғаушы күшінің бағыты теріс электродтан (төмен потенциалдан) оң электродқа (жоғары потенциалға) қарай бағытталады.

Ұзындығы l түзу өткізгіш магнит өрісін қиып өткен кезде пайда болатын индукциялық электр қозғаушы күштің шамасы төмендегі өрнек арқылы анықталады

$$\varepsilon = Blv \sin \theta, \quad (1)$$

мұндағы θ —қозғалыстағы өткізгіштің жылдамдық векторы \vec{v} мен магнит өрісінің индукция векторы \vec{B} арасындағы бұрыш. (\vec{l} мен \vec{B} немесе \vec{v} мен \vec{l} арасындағы бұрыш). Егер $\theta=0^\circ$ немесе $\theta=180^\circ$ болса, өткізгіш магнит өрісі бағытымен параллель қозғалады, ал өткізгіш магнит өрісін қиып өтпейтіндіктен индукциялық ЭҚК-і $\varepsilon=0$ болады. Егер $\theta=90^\circ$ яғни өткізгіш магнит өрісін перпендикуляр қиып өтетін болса, онда өткізгіште пайда болатын индукциялық ЭҚК-і максимал мәнге ие болады:

$$\varepsilon_{\max} = Blv. \quad (2)$$

Осы өрнек арқылы өткізгіш магнит өрісін \vec{v} жылдамдықпен перпендикуляр қиып өткен кезде, өткізгіште пайда болатын лездік индукциялық ЭҚК-і шамасын есептеуге болады.

Тұйық контурды қиып өтетін магнит ағыны уақыт бойынша өзгерген кезде контурда пайда болатын индукциялық ЭҚК-ң шамасы Фарадей заңы бойынша анықталады.

$$\varepsilon = -\frac{\Delta\Phi}{\Delta t}, \quad (3)$$

мұндағы $\frac{\Delta\Phi}{\Delta t}$ – контурды қиып өтетін магнит ағынының өзгеру жылдамдығын сипаттайды.


Өлшем бірлігі Вб/с. Егер контур орам саны n болатын сым орамынан тұратын болса, онда сым орамының индукциялық электр қозғаушы күші

$$\varepsilon = -n \frac{\Delta\Phi}{\Delta t}. \quad (4)$$


Бұл өрнек арқылы орам саны n болатын сым орамында Δt уақыт ішінде пайда болатын орташа индукциялық ЭҚК-ін есептеуге болады.

Жоғарғы өрнектегі минус таңба Ленц ережесі арқылы анықталады. Контурда пайда болған индукциялық токтың бағыты қашанда оны туғызатын сыртқы магнит ағынының өзгеруіне қарама-қарсыбағытта болады. Ленц ережесі бойынша: контурда пайда болған индукциялық токтың тудыратын магнит ағыны қашанда өзін тудыратын магнит ағынының өзгеруіне кедергі жасайды. Сыртқы магнит ағыны $\Delta\Phi=\Phi_2-\Phi_1 > 0$ уақыт бойынша артатын болса, онда контурда пайда болатын индукциялық токтың тудыратын магнит ағыны сыртқы магнит ағынына қарама-қарсы болып, оның артуына кедергі жасайды. Ал сыртқы магнит ағыны уақыт бойынша кемитін $\Delta\Phi=\Phi_2-\Phi_1 < 0$ болса, контурда пайда болатын индукциялық токтың тудыратын магнит ағыны сыртқы магнит ағынымен бағыттас болып, сыртқы магнит өрісінің кемуіне кедергі жасайды, яғни кемуін баяулатады. Бұл заңдылықты 1-және 2-суреттерден анық байқауға болады.


1-суретте көрсетілгендей тура магнит контурға жақындаған сайын контурды қиып өтетін сыртқы магнит ағыны уақыт бойынша артатындықтан $\Delta\Phi > 0$, контурда пайда болатын индукциялық ЭҚК теріс таңбалы $\varepsilon_i < 0$ болып шығады. Индукциялық ток сыртқы магнит өрісіне қарама-қарсы бағытталған индукциялық магнит өрісін туғызады, нәтижеде сыртқы магнит өрісінің артуын тежейді. 2-суретте тура магнит контурдан алыстағандықтан контурды қиып өтетін магнит ағыны уақыт бойынша азаяды. яғни, $\Delta\Phi < 0$ теріс таңбалы болатындықтан индукциялық ЭҚК $\varepsilon_i > 0$ оң таңбалы болып шығады. Индукциялық ток сыртқы магнит өрісімен бағыттас индукциялық магнит өрісін туғызады, нәтижеде сыртқы магнит өрісінің кемуін тежейді. Контурдағы кемуші ток пен өздік индукция тогының бағыттары бірдей болып, токтың азаюы баяулайды.



1-сурет



2-сурет



3-сурет

1. Өздік индукция құбылысы

Тұйық контурда ток күшінің өзгеруі, осы контурды қиып өтіп жатқан магнит ағынын өзгертеді, ал магнит ағынының өзгерісі осы контурда индукциялық ЭҚК-ін тудырады. 3-суретте көрсетілгендей контурдағы ток күші уақыт бойынша өзгертін болса, сым орамында индукциялық ток пайда болады. Контурдың ауданын қиып өтетін магнит ағыны $\Phi = BS$ контурдағы токқа тура пропорционал $\Phi = LI$ болады. Пропорционалдық коэффициенті $L = \Phi/I$ контурдың **индуктивтігі** деп аталады. Ол сандық мәні жағынан ток күші бірлігіндегі магнит ағынын сипаттайды. Индуктивтіктің өлшем бірлігі генри (Гн). Контурдағы ток күші 1А болғанда, магнит ағыны 1 вебер болса, онда контурдың индуктивтігі 1 Гн -ге тең. Өздік индукция ЭҚК-ін Фарадейдің электромагниттік (ЭМ) индукция заңын пайдаланып табуға болады:

$$\varepsilon_s = -\frac{d\Phi}{dt} = -\frac{d}{dt}(LI) = -\left(L\frac{dI}{dt} + I\frac{dL}{dt}\right). \quad (5)$$


Егер $L = \text{const}$ болса, онда

$$\varepsilon_s = -L\frac{dI}{dt}. \quad (6)$$

Бұл формуладағы минус таңбасы Ленц ережесінен шығады, контурдағы ток өскенде өздік индукция ЭҚК-і $\varepsilon < 0$ теріс таңбалы болып, контурда жаңадан пайда болған *өздік индукция тогы* контурдағы негізгі токқа қарсы бағытталады, сондықтан да контурдағы негізгі токтың әрі қарай артуына кедергі жасайды. Контурдағы токты негізгі ток деп те атайды. Егер контурдағы токтың өзгерісі $\Delta I = I_2 - I_1 < 0$ теріс таңбалы болып ток уақыт бойынша кемитін болса, онда өздік индукциялық ЭҚК-і $\varepsilon > 0$ оң таңбалы болып шығады. Оң таңбаның физикалық мәні контурдағы кемуші токпен пайда болған индукциялық токтың бағыттары бірдей екендігін білдіреді. Нәтижеде контурдағы кемуші ток пен өздік индукциялық токтың бағыттары бірдей болып, контурдағы негізгі токтың азаюын баяулатады.

2. Өзара индукция құбылысы

4-суретте өзара индукция құбылысының сұлбасы көрсетілген. Бірінші контурдағы I_1 ток күшін өзгерткенде, екінші контурда индукциялық ЭҚК-ң ε_2 пайда болуы немесе керісінше екінші контурдағы



4-сурет

I_2 ток күшін өзгерткенде, бірінші контурда индукциялық ЭҚК-ң ε_1 пайда болуы **өзара индукция** деп аталады. Бірінші контурды қиып өтетін магнит ағыны Φ_1 , екінші контурды қиып өтетін магнит ағыны Φ_2 десек, онда $\Phi_2 = L_2 I_1$ орындалады, яғни екінші контурды қиып өтетін магнит ағыны бірінші контурдағы I_1 ток күшіне тура пропорционал болады. Бірінші контурдағы I_1 тогының өзгеруі нәтижесінде екінші контурда Φ_2 ағыны өзгереді де осы контурда ε_2 индукциялық ЭҚК-і пайда болады:

$$\varepsilon_2 = -\frac{d\Phi_2}{dt} = -L_2\frac{dI_1}{dt}; \quad \text{немесе} \quad \varepsilon_1 = -\frac{d\Phi_1}{dt} = -L_1\frac{dI_2}{dt}. \quad (7)$$

Екінші контурда пайда болатын индукциялық электр қозғаушы күшінің бағыты, яғни индукциялық токтың бағыты Ленц ережесі бойынша анықталады. Бірінші контурдағы I_1 токтың шамасы уақыт бойынша артқан сайын екінші контурды қиып өтетін Φ_2 магнит ағыны да артады. Магнит ағынының өзгеру жылдамдығы оң таңбалы болатындықтан, екінші контурда пайда болған индукциялық

электр қозғаушы күші ε_2 нөлден төмен, яғни теріс таңбалы болады. Бұл теріс таңбаның физикалық мәні – екінші контурда пайда болған индукциялық токтың тудыратын магнит өрісінің бағыты екінші контурды қиып өткен Φ_2 магнит ағынына қарама-қарсы болады дегенді білдіреді. Оң қол ережесі бойынша екінші контурда пайда болған индукциялық токтың бағыты бірінші контурдағы токтың бағытына қарама-қарсы болатындығын білуге болады. Ал енді керісінше, бірінші контурдағы токтың шамасы уақытқа байланысты кемитін болса, онда екінші контурды қиып өтетін магнит ағыны да уақыт бойынша кемиді. Сондықтан, екінші контурды қиып өтетін магнит ағынының өзгеру жылдамдығы $\frac{d\Phi_2}{dt} < 0$ теріс таңбалы болып, нәтижеде ε_2 оң таңбалы болып шығады. Бұл оң

таңбаның физикалық мәні – екінші контурда пайда болған индукциялық токтың тудыратын магнит өрісінің бағыты екінші контурды қиып өткен Φ_2 магнит ағынымен бағыттас болады дегенді білдіреді. Бұдан, оң қол ережесі бойынша екінші контурдағы индукциялық токтың бағыты бірінші контурдағы токтың бағытымен бағыттас екендігін білу болады.

Индукциялық ЭҚК пен индукциялық токтың пайда болу шарты бірдей болмайды. Тұйық контурда пайда болатын индукциялық электр қозғаушы күш пен индукциялық токтың арасындағы байланыс толық тізбек үшін Ом заңы бойынша анықталады:

$$I_{инд} = \frac{\varepsilon}{R + r}, \quad (8)$$

мұндағы R – сыртқы кедергі, r – сым орамының ішкі кедергісі.

3. Магнит ағыны, магнит ағынының өзгерісі және магнит ағынының өзгеру жылдамдығы арасындағы байланыс

Магнит ағыны, белгілі бір ауданды қиып өтетін электромагниттік индукция сызықтарының санын білдіреді. Магнит ағынының өзгерісі дегеніміз бір сым орамын қиып өтетін соңғы және бастапқы күйдегі магнит ағындарының айырмасын $\Delta\Phi = \Phi_2 - \Phi_1$ айтады. Ал магнит ағынының өзгеру жылдамдығы деп магнит ағынының $\Delta\Phi$ өзгерісін сол өзгеріске кеткен Δt уақытқа қатынасын $\Delta\Phi / \Delta t$ айтады, яғни магнит ағынының өзгеру шапшаңдығы.

Фарадейдің электромагниттік индукция заңы бойынша контурда пайда болған индукциялық электр қозғаушы күштің шамасы магнит ағынының өзгеру жылдамдығына тура пропорционал, ал магнит ағынының шамасына немесе магнит ағынының өзгеру шамасына тәуелсіз болады.


4. Электромагниттік индукция құбылысының қажетті 2 шарты

Электромагниттік индукция құбылысының пайда болуы және электромагниттік индукциялық токты тудыру шарты электромагниттік индукция құбылысын зерттеудің негізі болып табылады. Тұйық контурды қиып өтетін магнит ағыны өзгерген кезде контурда электромагниттік индукциялық электр қозғаушы күші пайда болады. Бұл қағиданы нақты практикада қолданған кезде, төмендегідей бірнеше жағдайларға көңіл бөлген жөн.

а) Қарастырып отырған контурды бекіту. Қарастыратын тұйық контурдың бағыты (5-сурет) өзгерген кезде, магнит ағынының өзгерісі мен магнит ағынының өзгеру жылдамдығы бірдей болмайды. Сол себепті контур анықталмайынша электромагниттік индукция туралы сөз қозғаудың өзі артық

болып саналады. 5-суретте көрсетілгендей l ұзындықтағы ef болатын түзу өткізгіш тұрақты \vec{B} магнит өрісін перпендикуляр қиып, оңға қарай бірқалыпты v жылдамдықпен қозғалады. Қарастырып отырған тұйық контурдымыз $abfea$ болса, онда контурдың ΔS ауданы уақытқа байланысты артатындықтан контурды қиып өтетін магнит ағыны да $\Delta\Phi = B\Delta S$ уақыт бойынша артады. Соның нәтижесінде контурда *индукциялық ток* пайда болады. Контурды қиып өтетін магнит ағыны $\Delta\Phi$ артқан кезде $abfea$ контурда пайда болатын индукциялық токтың тудыратын магнит ағыны Ленц ережесі бойынша сыртқы магнит ағынына қарама-қарсы болып, сыртқы магнит өрісінің артуына кедергі жасайды. Контур $abfea$ -да пайда

болған индукциялық токтың тудыратын магнит ағыны қағаз бетіне перпендикуляр өзімізге қарай бағытталадындықтан, оң қол ережесі бойынша контурдағы индукциялық токтың бағыты



5-сурет

$a \rightarrow b \rightarrow f \rightarrow e \rightarrow a$ бағытында болатындығын анықтау қиын емес. Ал енді қарастырып отырған контурымыз $efcde$ болса, онда $efcd$ контурдың ΔS ауданы уақыт бойынша кешірейетіндіктен, оны қиып өтетін $\Delta\Phi = B\Delta S$ сыртқы магнит ағыны да уақыт бойынша кемиді. Ленц ережесі бойынша контурды қиып өтетін магнит ағыны уақыт бойынша кемісе, контурда пайда болатын индукциялық токтың тудыратын магнит ағынының бағыты сыртқа магнит өрісімен бағыттас болып, сыртқы магнит өрісінің кемуіне кедергі жасайды, яғни контурды қиып өтетін сыртқы магнит өрісінің кемуін баяулатады. Сондықтан, контурда пайда болған индукциялық токтың бағыты оң қол ережесі бойынша $e \rightarrow d \rightarrow c \rightarrow f \rightarrow e$ бағытында болады.

б) Тұйық контурды қиып өтетін магнит ағынының өзгеруін $\Delta\Phi = B\Delta S$ тудыратын екі негізгі себеп: Біріншісі, тұйық контурды қиып өтетін \vec{B} магнит өрісінің шамасы өзгергенде; екіншісі, магнит өрісі өзгермей тұрақты болып, сым орамының магнит өрісіндегі бағыты өзгерсе немесе сым орамының ауданы өзгерсе контурдағы магнит ағыны өзгереді.

в) Электромагниттік индукция құбылысының қажетті 2 шарты қасиеті жағынан бірдей. Электромагниттік индукция құбылысында индукциялық электр қозғаушы күшін тудыру индукциялық токты тудыруға қарағанда маңызды болып саналады. Пішіні жағынан қандай түрдегі өткізгіш болса да, ол, тек магнит өрісін қиып өтіп қозғалатын болса, онда өткізгіште индукциялық ЭҚК пайда болады. Өткізгіште индукциялық электр қозғаушы күш пайда болу үшін өткізгіш тұйықталған контур пішінді болуы міндетті емес. Тек өткізгішті қиып өтетін магнит ағынының уақыт бойынша өзгеріс болса, өткізгіште индукциялық ЭҚК пайда болады. Индукциялық электр қозғаушы күшін тудырудың бұл екі шарты, қасиеті жағынан бірдей болып саналады. Сондықтан, магнит өрісін қиып өткен белгілі бір ұзындықтағы өткізгіште индукциялық ЭҚК -нің пайда болу себебі, магнит ағынының өзгеруіне байланысты деп қарастыруға болады.

Мысалы, 6-суретте көрсетілгендей ұзындығы L түзу өткізгіш \vec{B} тұрақты магнит өрісін перпендикуляр қиып өтеді. Δt уақыт ішінде оның орны ab -дан бір қылыпты v жылдамдықпен қозғала отырып a_1b_1 -ге орын ауыстырады. Орын ауыстыруы $x = v\Delta t$. Түзу өткізгіш магнит өрісін тура қиып өткен кезде, өткізгіште пайда болған индукциялық ЭҚК -і $\varepsilon = BLv = BLx/\Delta t$. мұндағы $Lx = \Delta S$ ауданға тең болғандықтан $\varepsilon = B\Delta S/\Delta t = \Delta\Phi/\Delta t$. Бұл қорытындының нәтижесі бойынша өткізгіш магнит өрісін қиып өткен кезде, пайда болатын индукциялық ЭҚК магнит ағынының өзгерісі кезінде пайда болатын индукциялық электр қозғаушы күшінің нәтижесімен бірдей болады. Керісінше, магнит ағынының өзгеру жылдамдығы арқылы өткізгіш магнит өрісін қиып өткен кездегі ЭҚК-ін қорытып шығаруға болады. Жоғарыдағы суретте Δt уақыт ішіндегі контур ауданының артуын ΔS десек, онда

$$\Delta S = Lv\Delta t. \quad (9)$$

Контурды қиып өтетін магнит ағынының өзгерісін төмендегідей есептеуге болады:

$$\Delta\Phi = B\Delta S = BLv\Delta t. \quad (10)$$


Контурдағы магнит ағынының өзгеруінен пайда болатын индукциялық ЭҚК:

$$\varepsilon = \frac{\Delta\Phi}{\Delta t} = \frac{BLv\Delta t}{\Delta t} = BLv. \quad (11)$$


Тағы бір мысал ретінде 7-суретте көрсетілген тұрақты магнит өрісінде бірқалыпты бұрыштық жылдамдықпен ω айналып тұрған ұзындығы L өткізгіштің индукциялық ЭҚК-ін есептеп көрейік.

Өткізгіштің O нүктесіндегі бір ұшы қозғалмайтындықтан жылдамдығы $v_0 = 0$, ал A ұшының сызықтық жылдамдығы $v_a = \omega L$ болып, жалпы өткізгіштің орташа жылдамдығын төмендегі өрнек арқылы есептеуге болады.

$$v = \frac{v_0 + v_a}{2} = \frac{\omega L}{2}. \quad (12)$$



6- сурет



7- сурет

Магнит өрісін қиып өткен өткізгіштің индукциялық ЭҚК-і өрнегіне қойсақ,

$$\varepsilon = BLv = BL \frac{1}{2} \omega L = \frac{1}{2} B \omega L^2. \quad (13)$$

Енді осы мысалды магнит ағынының өзгеруі бойынша периодтың 1/4 уақыт ішінде өткізгіште пайда болатын индукциялық ЭҚК-ін есептеп көрейік. Шеңбердің ауданы πL^2 болатындықтан периодтың 1/4 уақыт ішінде өткізгіштің қиып өтетін ауданы $\Delta S = \pi L^2 / 4$ болады. Период $T = 2\pi / \omega$ болғандықтан периодтың 1/4 уақытын $\Delta t = 2\pi / 4\omega = \pi / 2\omega$ жазуға болады. Онда индукциялық ЭҚК:

$$\varepsilon = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t} = \frac{B \Delta S}{\Delta t} = \frac{B \pi L^2}{4} \times \frac{2\omega}{\pi} = \frac{1}{2} B \omega L^2. \quad (14)$$

Егер өткізгіш магнит өрісінде толық бір период жасап қозғалыс жасады десек те нәтижесі (11) өрнекпен бірдей болады. Өткізгіш толық бір айналып жасаған кездегі ауданның өзгерісі $\Delta S = \pi L^2$, ал осы аудан өзгерісіне кеткен уақыты периодқа $\Delta t = T = 2\pi / \omega$ тең болатындықтан,

$$\varepsilon = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t} = \frac{B \Delta S}{\Delta t} = \frac{B \pi L^2}{\frac{2\pi}{\omega}} = \frac{1}{2} B \omega L^2. \quad (15)$$

Жоғарыдағы қорытындыдан өткізгіш магнит ағынын қиып өткен кезде пайда болатын индукциялық ЭҚК-і магнит ағынының өзгерісінен пайда болатын индукциялық ЭҚК-імен бірдей екендігін көруге болады.

5. Электромагниттік индукциялық ЭҚК-і 2 өрнегінің айырмашылығы мен байланысы

а) екі өрнектің айырмашылығы. Контурды қиып өтетін магнит ағыны өзгерген кезде пайда


болатын индукциялық ЭҚК-і өрнегі $\varepsilon = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t}$ мен қозғалыстағы өткізгіш магнит өрісін қиып өткен

кездегі пайда болатын ЭҚК-і өрнегінің $\varepsilon = Blv \sin \theta$ өзара айырмашылығы және өзара байланысы бар. Бірінші өрнек контурды қиып өтетін магнит ағынының уақыт бойынша өзгерісі, осы контурда Δt уақыт ішіндегі пайда болатын орташа индукциялық ЭҚК-ін сипаттайды. Әрине, бұл өрнектегі ε белгілі бір Δt уақыт интервалына және белгілі бір процеске сәйкес келеді. Ал екінші өрнек

$\varepsilon = Blv \sin \theta$ – белгілі бір ұзындықтағы өткізгіш магнит өрісін қиып өткен кездегі, сол өткізгіште пайда болатын лездік ЭҚК-ін сипаттайды. Бұл өрнектегі ε белгілі уақыт мезетіне және өткізгіштің белгілі орнына сәйкес

келеді. Бұдан басқа, олардың тағы бір айырмашылығы $\varepsilon = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t}$ өрнегі

тұтас контурда пайда болған индукциялық ЭҚК-нің орташа мәнін сипаттаса, $\varepsilon = Blv \sin \theta$ өрнегі тұтас контурдағы өткізгіштің белгілі бір бөлігінде пайда болған лездік индукциялық ЭҚК-ін сипаттайды. Тұтас контурдағы индукциялық ЭҚК нөл болғанымен, контурдың белгілі бір бөлігіндегі өткізгіштің индукциялық ЭҚК -і нөл болмауы мүмкін. 8-суретте abcd a тұйық контур тұрақты магнит өрісіне перпендикуляр бағытта оңға қарай v бірқалыпты жылдамдықпен қозғалған кезде, контурдың ауданы және контурды қиып өткен магнит ағыны өзгермейтіндіктен, контурдың индукциялық ЭҚК нөлге тең болады. Бірақ контурдың ab және dc бөлігі тұрақты магнит өрісін түзу қиып өтетіндіктен, контурдың бұл екі бөлігіндегі индукциялық ЭҚК -і $\varepsilon_{ab} = \varepsilon_{dc} = BLv$ өзара тең болады. Бірақ, тұтас тұйық контур үшін қарастырғанда, бұл екі индукциялық ЭҚК-тің шамасы тең, ал бағыты қарама-қарсы болғандықтан тұйық контурдағы индукциялық ЭҚК нөлге тең, яғни $\varepsilon = 0$ болады. Бұл, тұйық контурда ток болмайтындығын білдіреді. Тұйық контурда ток болмағанымен контурдың ab және dc бөлігінде потенциалдар айырымы бар, сондықтан олар шама жағынан өзара тең, ал бағыты жағынан қарама-қарсы болады.



8- сурет

б) екі өрнектің өзара байланысы. $\varepsilon = Blv \sin \theta$ өрнегін $\varepsilon = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t}$ өрнегінің ерекше жағдайдағы

қорытылып шығарылуы деп түсінуге болады. Егер v жылдамдықтың орнына $\langle v \rangle$ орташа жылдамдықты ауыстыратын болсақ, онда орташа индукциялық электр қозғаушы күшін есептеп

шығаруға болады. Шындығында жоғарыдағы өрнекте $L < v > \sin \theta = \frac{\Delta S}{\Delta t}$ байланыс болғандықтан

$$\varepsilon = BL < v > \sin \theta = B \frac{\Delta S}{\Delta t} = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t}$$

келіп шығады. Міне бұл, екі өрнектің өзара байланысын көрсетеді.

Әдетте $\varepsilon = \frac{\Delta \Phi}{\Delta t}$ өрнегін орташа индукциялық ЭҚК-ін есептеуде қолданса, ал $\varepsilon = BLv \sin \theta$ өрнегін лездік ЭҚК-ін есептеуде қолданады.

Бұл жұмыста, электромагниттік индукция құбылысын мұқият сараптау арқылы, индукция құбылысының туылу себептері және индукциялық құбылыс кезінде туындайтын индукциялық токтың бағытының неге байланысты болатындығы анықталды. Әдетте оқу құралдарында индукциялық токтың пайда болу себептері және оның шамасының неге байланысты өзгеріп отыратындығы толық баяндалғанымен, индукциялық токтың бағыты не себепті өзгеріп отыратындығы анық жазылмайды. Сондықтан, студенттер индукциялық токтың бағытын анықтауда үлкен қиындықтарға жолығады. Аталған жұмыс, студенттердің осы қиындықтарды жеңу мақсатында кеңінен жазылған болып, мәселенің оңтайлы шешуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Савельев И.В. Жалпы физика курсы: II Том. Электр және магнетизм. - М.: Наука баспасы, 2004 ж. – 336 б.
- [2] Қойшыбаев Н.Қ. Жалпы физика курсы: Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2005. III том. - 340 б.
- [3] Қойшыбаев Н.Қ. Жалпы физика курсы: Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2005. IV том. - 390 б.
- [4] Савельев И.В. Курс общей физики: Учеб. пособие для вузов: В 3 т. Т.2. Электричество Колебания и волны. Волновая оптика. - М. ; Краснодар : Лань, 2007. - 480 с
- [5] Савельев И.В. Курс общей физики: Учеб. пособие для вузов: В 5 кн.: Кн. 5: Квантовая оптика. Атомная физика. Физика твердого тела. Физика атомного ядра и элементарных частиц. – М.: АСТ: Астрель, 2005. – 368 с.
- [6] Трофимова Т.И. Курс физики: Учеб. пособие для вузов. М.: Академия, 2004. – 560 с
- [7] Волькенштейн В.С. Сборник задач по общему курсу физики, М.: Высшая школа, 2002г.
- [8] Бегимов Т.Б., Исмагулова М.Ш., Мухамедғалиева М.А. Оптика и атомная физика. Учебное пособие. Физический практикум. Алматы: КазНТУ, 2012 г.
- [9] Трофимова Т.И. Краткий курс физики: Учеб. пособие для вузов. – М.: Высш. шк., 2006. - 352 с.
- [10] Чертов А., Воробьев А. Задачник по физике. – М.: Высшая школа, 1981.
- [11] Абдикасова А.А., Ниязова Ш.В., Утеулина К.А. и др. Электричество и магнетизм. Методическое указание к лабораторным работам. 1996 г.
- [12] Дуаметұлы Б. Жалпы физика курсының негіздері. ҚазҰТУ, 2012 ж. - 217 б.
- [13] Galili, I. Mechanics background in fluencies students' conceptions in electromagnetism. International Journal of Science Education, 17 (3), 371–387, 1995.
- [14] Halliday, D., Resnick, R., & Walker, J. Fundamentals of physics. New York: Wiley. Jones, C. Understanding and using the minus sign in Faraday's Law. Physics Education, 38(6), 526–530, 2003.
- [15] Pocivi, M.C., & Finley F., Lines of force: Faraday's and students' views. Science and Education, II, 459 – 474, 2002

Дуаметұлы Б., Калауов Б.П.

Изучение явления электромагнитной индукции

Резюме. Основная цель предлагаемой работы является исследовать причины возникновения ЭДС индукции и закономерностей возникновения изменения направления индукционного тока, систематически изучая явления электромагнитной индукции. Легко понять причины возникновения индукционного тока в явлении электромагнитной индукции и от чего зависит его величины, но трудно понять, куда и как изменяется направления индукционного тока. Поэтому, мы надеемся, что данная работа будет способствовать в решении данного вопроса.

Ключевые слова: магнитное поле, магнитный поток, изменения магнитного потока, скорость изменения магнитного потока, электромагнитная индукция, индукционный ток, индукция электродвижущая сила (ЭДС).

Duamet B., Kalauov B.P.

Research on electromagnetic induction

Summary. The main purpose of the proposed work is to study the causes of the electromagnetic induction and the law of the direction of the induced current through the systematic study of the electromagnetic induction. Although it is easy to understand the cause of electromagnetic induction current and its dependence in electromagnetic induction, it

is difficult to understand how the direction of induced current is determined. Therefore, we hope that this work will help solve this problem.

Keywords: magnetic field, magnetic flux, Changes in magnetic flux, Rate of change of magnetic flux, electromagnetic induction, induced current, induced electromotive force.

УДК 539.3

**Н.К. Аширбаев, Ж.Н. Аширбаева, Ж.А. Нурмаганбетова,
Ш.Е. Алтынбеков, А.Б. Иманбетова**
(Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова,
Шымкент, Республика Казахстан, ank_56@mail.ru)

ЧИСЛЕННОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ДВУМЕРНЫХ НЕСТАЦИОНАРНЫХ ЗАДАЧ В УПРУГОЙ ОДНООПОРНОЙ КОНСТРУКЦИИ

Аннотация. В работе в линейной постановке рассматривается задача о распространении динамических возмущений в прямоугольной области с разрывными граничными условиями. Сформулированная в терминах напряжений и скоростей смешанная задача численно решена с помощью явной разностной схемы сквозного счета, основанной на методе пространственных характеристик. Волновой процесс вызывается прикладыванием внешней динамической нагрузки на лицевой границе прямоугольной области, а боковые границы области свободны от напряжений. На нижней границе прямоугольной области заданы неоднородные граничные условия, где средняя часть границы жестко закреплена, а боковые участки ее свободны от напряжений. Именно в точках их сопряжения, где граничные условия изменяются скачком, был предложен метод получения разрешающих уравнений для нахождения искомых функций. Исследована концентрация динамических напряжений в окрестности разрыва граничных условий. Результаты исследования доведены до численного решения.

Ключевые слова: скорость, напряжение, разрыв, концентрация напряжений, численное решение.

Прогнозирование динамического поведения элементов конструкций с учетом ряда ослабляющих факторов (разрывы в граничных условиях, отверстия, полости, вырезы и т.д.) имеет не только теоретическое, но и прикладное значение, определяемое запросами инженерной практики.

Для большинства конструкций, применяемых в строительстве, машиностроении и других отраслях техники характерно наличие различных нарушений сплошности в виде отверстий, выточек, пазов, выступов и т.п., обусловленных либо технологией изготовления, либо эксплуатационными требованиями. Возле таких несплошностей возникает, как известно, явление местного искажения напряжений и деформаций, называемое обычно концентрацией напряжений. Эти эффекты вносят существенное изменение в «средние» напряжения и нередко являются причиной разрушения. На качественные и количественные эффекты концентрации напряжений влияют разнообразные причины, связанные с геометрией концентратора, видом воздействия, реальными свойствами материала. Поэтому проблеме концентраций напряжений уделяется в современной технике огромное внимание, что нашло отражение в практически необозримом количестве отечественных и зарубежных исследований [1-4].

Ниже с помощью метода пространственных характеристик исследуется особенность распространения плоских волн в упругой конструкции, представляющей собой прямоугольную полосу с достаточно широко встречающейся в строительстве формой закрепления.

Постановка задачи. Исследуется плоская деформация упругого тела с прямоугольным поперечным сечением. Сечение имеет размеры $0 \leq x_1 \leq l$, $-L \leq x_2 \leq L$ (рисунок 1). Краевая задача, формулируемая для разрешающих уравнений [5]

- [7] Effekt of accumulative bending conditions on grain refinement of hot-rolled sheet / Matsubara Y., Nakata N., Hiruta T. // Tetsu- to- hagane = Journal of the and Steel Institute of Japan. 2012. 98. №1. С. 19-24.
- [8] Grosman F., Hadasik E.: Technologiczna plastycznosc metali. Badania plastometryczne, Wydawnictwo Politechniki Slaskiej, ISBN 83-7335-204-X, Gliwice 2005, s. 11-12.

Машеков С.А., Тусупкалиева Э. А., Уразбаева Р.Е.

Бес қапасты бойлық сыналы орнақта жұқа жолақтарды илемдеген кезде пішінбіліктердің илдіуін имитациялы модельдеу

Түйіндеме. Мақалада құрылымы жаңа бұрандалы пішінбілік ұсынылған. Жаңа бұрандалы пішінбіліктің серпімді деформациясы шеткі элемент әдістемесін қолданып имитациялық моделдеумен зертелген, алынған нәтиже талданып мақалада көрсетілген. Бұрандалы пішінбіліктің ойық және шығынқы жерлерінің және басқа ауыр жүк түсетін элементтердің серпімді деформацияға қалай әсер ететіндігі анықталған. Жаңа бұрандалы сайман жеткілікті дәрежеде қаттылық және айтылған сайман беріктік шартын қанағаттандыратындығы жұмыста көрсетілген. Ұсынылып отырған бұрандалы пішінбілікте қалың қаңылтырды жаймалаған кезде, ұсақ түйіршікті құрылымы, яғни сапасы жоғары қаңылтыр алынатындығы мақалада дәлелденген. Жаңа бұрандалы сайманның ауыр жүктелген элементтерін модельдеу нәтижесінде, оларды жаңғырту мәселесі шешілген.

Түйінді сөздер: бұрандалы сайман, пішінбілік, тұғыр, мойынтірек, серпімді деформация, қалың қаңылтыр, ұсақ түйіршікті құрылым.

Mashekov S. A., Tussupkaliyeva E. A., Urazbayeva R.E.

Imitation modeling calculation of strength of screwdrivers for rolling of sheet rolling from brass of l63

Summary. The spiral tool of a new design for rolling of metal sheets is offered. The analysis of results computer modeling of elastic deformation of spiral rolls with use of a finite element method is submitted. Was defined influences of screw ledges and concavity of rolls on the stressedly-deformed state of the spiral tool. It is shown that the new spiral tool has rather high rigidity and meets durability condition. It is noted that rolling of thick sheets on the offered spiral tool will allow to receive sheets with quality fine-grained structure. As a result of modeling and the analysis of elastic deformation of the spiral tool recommendations about their modernization have been developed.

Keywords: spiral tool, rolls, bed, bearings, elastic deformation, thick leaf, fine-grained structure

УДК 622.7.017

А.Н. Жубатканова, Ш.А.Телков

(Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева,
Алматы, Республика Казахстан)

ГРАВИТАЦИОННАЯ ОБОГАТИМОСТЬ КЛИНКЕРА И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ОПТИМАЛЬНЫХ ПАРАМЕТРОВ ЕГО ОБОГАЩЕНИЯ

Аннотация. Исследован характер распределения меди, железа, углерода по классам крупности при мокром расसेве клинкера.

Методом фракционного анализа исследована зависимость распределения меди, железа и углерода по фракциям плотности: более 3000 кг/м³, 3000-2850 кг/м³, 2850-2750 кг/м³, 2750-2650 кг/м³, 2650-2500 кг/м³, 2500-2300 кг/м³ и менее 2300 кг/м³ в классах крупности 50-20 мм, 20-10 мм, 10-5 мм, 5-2,5 мм, 2,5-1,25 мм, 1,25-0,63 мм, 0,63-0,315 мм, 0,315-0,20 мм и 0,20-0,0 мм. На основании результатов фракционного анализа определены: гравитационная обогатимость клинкера, необходимая плотность разделения для получения различных по качеству продуктов и теоретически возможные показатели при обогащении всех классов крупности.

Ключевые слова: клинкер, гранулометрический состав, ситовой анализ, гравитационная обогатимость, тяжелая фракция, содержание, извлечение, медь, железо, углерод.

Введение

Минерально-сырьевая база Республики Казахстан характеризуется разнообразием полезных ископаемых, большим количеством разведанных месторождений и значительными запасами различного минерального сырья[1].

В связи с этим можно отметить, что социально-экономическое развитие республики на современном этапе тесно связано с горно-металлургическим комплексом, обеспечивающим основную долю экспорта и инвестиций в экономику страны.

Учитывая важное значение горно-перерабатывающей отрасли промышленности для экономики государства в настоящее время активно вовлекаются в эксплуатацию техногенные отвалы и отходы различных горных и металлургических производств, которые могут служить дополнительными источниками минерального сырья.

Одним из источников сырья для получения различных продуктов являются техногенные отвалы клинкера металлургических заводов РК, которые в своем составе содержат ценные металлы в виде меди, железа, углерода и т.д.

Методики исследований и использованные материалы

Определение гранулометрического состава исследуемого клинкера осуществлялось на наборе сит КСМ(ГОСТ 9758-86) [2,3].

Фракционный анализ различных классов крупности осуществлялся в растворах тяжелой жидкости "М-45" (ГОСТ 4790-80) [4].

Основные результаты и их обсуждение

В связи с наличием в поступившей на исследование пробе клинкера значительного количества мелких классов был выполнен ситовой анализ с промывкой всех классов крупности. Результаты ситового анализа с распределением металлов по классам крупности приведены в таблице 1.

Таблица 1. Характер распределения содержания меди, железа, углерода по классам крупности.

Классы крупности, мм	Выход, %	Содержание, %			Извлечение, %		
		Cu	Fe	C	Cu	Fe	C
- 50 + 20	8,70	0,83	24,15	2,29	6,0	8,08	3,84
- 20 + 10	35,13	1,10	27,41	3,04	32,10	37,04	20,60
- 10 + 5,0	21,18	1,20	26,25	4,63	21,11	21,39	18,93
-5,0 + 2,5	12,10	1,15	22,85	7,09	11,56	10,63	16,55
- 2,5 + 1,25	5,81	1,18	22,42	7,90	5,69	5,01	8,86
-1,25 + 0,63	3,83	1,12	22,01	10,19	3,56	3,24	7,53
- 0,63 + 0,315	2,97	1,38	24,93	11,75	3,40	2,85	6,73
- 0,315 + 0,20	2,01	1,65	27,01	13,77	2,76	2,09	5,34
- 0,20 + 0,00	8,27	2,01	30,36	7,28	13,82	9,67	11,62
Итого	100,0	1,20	26,0	5,18	100,0	100,0	100,0

В пробе клинкера поступившего на исследование содержание меди составило 1,20 %, железа 26,0 % и углерода 5,18 % ;

В представленной на исследование пробе в преобладающем количестве содержатся мелкие классы крупностью менее 20 мм. Значительная часть пробы представлена классом крупностью – 20 + 2,5 мм, выход которого составил 68,41%. Выход класса крупностью 50 – 20 мм незначительный и составил всего 8,7 %. Выход суммарного класса крупностью 50 – 1,25 мм составил 77,11 %;

Выхода классов крупностью от 1,25 мм и до 0,20 мм незначительные и находятся в пределах 2 % - 4 %, а выход самого тонкого класса крупностью 0,20 – 0,0 мм составил 8,27%.

По содержанию меди и углерода самым бедным является класс крупностью 50 – 20 мм – 0,83 % и 2,29 % соответственно. Это свидетельствует о том, что на данной крупности не происходит достаточно хорошего их раскрытия. В свою очередь это показывает на необходимость дробления данного класса крупности (50 – 20 мм) до крупности 15 – 20мм;

По содержанию меди, железа и углерода более богатым являются классы крупности мельче 1,0 мм;

Основная часть меди, железа и углерода сосредоточено в суммарном классе крупностью – 20 + 1,25 мм. Так извлечение меди в данный класс крупности составило 70,46 %, железа 74,07 % и углерода 64,94 %;

Изучение характера распределения меди, железа и углерода по фракциям плотности в различных классах крупности позволяет определить принципиальную возможность получения тяжелых (концентратных) и легких (отвальных) фракций содержанием металлов при обогащении в гравитационных аппаратах с максимально возможными технологическими показателями и в целом определить гравитационную обогатимость исследуемого продукта. Характер распределения меди, железа, углерода по фракциям плотности в классах крупности приведены в таблице 2.

Таблица 2. Характер распределения меди, железа, углерода по фракциям плотности в классах крупности 50 – 0,63 мм.

Плотность разделения, кг/м ³	Выход, % от класса			Содержание, %			Извлечение, %		
	Cu	Fe	C	Cu	Fe	C	Cu	Fe	C
-2300	5,84	5,84	5,84	0,32	9,88	51,28	1,67	2,25	65,25
2300-2500	2,84	2,84	2,84	0,64	14,69	7,73	1,62	1,63	4,78
2500-2650	6,09	6,09	6,09	0,77	15,06	4,19	4,19	3,58	5,56
2650-2750	8,01	8,01	8,01	0,71	18,96	2,58	5,08	5,93	4,50
2750-2850	18,19	18,19	18,19	0,73	21,25	1,75	11,81	15,05	6,91
2850-3000	22,07	22,07	22,07	0,71	23,70	1,16	13,99	20,44	5,58
+3000	37,03	37,03	37,03	1,84	35,33	0,83	61,64	51,12	7,42
Итого	100,0	100,0	100,0	1,12	25,59	4,59	100,0	100,0	100,0

Определено, что в поступившем на исследование продукте наблюдается наличие фракций в очень широком диапазоне плотностей от менее 2300 кг/м³ и до более 3000 кг/м³;

Наименьшие содержания меди и железа присутствуют во фракции с плотностью менее 2300 кг/м³ во всех классах крупности, при этом содержание меди колеблется в пределах 0,28% ÷ 0,39%, а железа в пределах 8,67% ÷ 11,06 %;

Определено, что во фракции с плотностью менее 2300 кг/м³ во всех классах крупности содержится наибольшее количество углерода, содержание которого изменяется в пределах 46,63 % ÷ 55,76 %. При этом содержание углерода в данной фракции плотности в классах крупности 50 – 20 мм, 20 – 10 мм и 10 – 5 мм составило 46 % - 47 %, а содержание в классах крупностью 5 – 2,5 мм, 2,5 – 1,25 мм и 1,25 – 0,63 мм составило 55 % - 56 %. Это доказывает, что углерод в классах крупностью от 50 мм до 10 мм находится в нераскрытом состоянии;

Выход фракции с плотностью менее 2300 кг/м³ наименьший из самого крупного класса 50 – 20 мм – 1,49 % от класса и наибольший из мелкого класса 1,25 – 0,63 мм – 15,40 %. Аналогичная картина наблюдается с извлечением углерода .

Определено, что необходимая плотность разделения для выделения легкой фракции с минимальными содержаниями меди и железа и максимальным содержанием в ней углерода составляет 2300 кг/м³. Для получения более богатой по углероду легкой фракции необходимо осуществлять разделение по плотности 2100-2200 кг/м³;

Определено, что при обогащении суммарного класса крупностью 50 – 5 мм содержание углерода в легкой фракции с плотностью менее 2300 кг/м³ составит 46,94 %, меди 0,34 % и железа 9,90 % при извлечении углерода 22,29 %, меди 0,68% и железа 0,93 %. В случае увеличения диапазона крупности обогащаемого материала выход фракции с плотностью менее 2300 кг/м³ возрастает, при этом содержание в ней углерода увеличивается, а содержания меди и железа практически не меняются. Так при обогащении суммарного класса крупностью 50 – 0,63 мм выход фракции с плотностью менее 2300 кг/м³ составит 5,84 % от класса (5,07 % от руды) при содержании углерода 51,28 %, меди 0,32 % и железа 9,88 % и извлечении углерода 50,20 %, меди 1,34 % и железа 1,92 %. Данные результаты свидетельствуют о возможности гравитационного обогащения клинкера в широком диапазоне крупности;

Во всех исследованных классах крупности содержится тяжелая фракция с плотностью более 3000 кг/м³, в которой наблюдается наибольшее содержание меди (от 1,42 % ÷ 2,01 %) и железа (27,80 % ÷ 38,27 %) и наименьшее содержание углерода (0,49 % ÷ 1,8 %). При этом выход данной фракции плотности возрастает по мере уменьшения крупности классов от 25,07 % из класса 50 – 20 мм и до 80,53 % из класса 0,20 – 0,0 мм;

Наряду с присутствием во всех классах крупности легкой (менее 2300 кг/м³) и тяжелой (более 3000 кг/м³) фракций отмечается наличие значительного количества промежуточных фракций в диапазоне плотностей от 2300 кг/м³ и до 3000 кг/м³. Выход промежуточных фракций из суммарного класса крупности 50 – 0,63 мм составил 49,52 %, т.е. половина всего класса. При этом содержания меди в данных фракциях колеблется в пределах 0,63 % ÷ 0,80 %, железа 14% ÷ 24 % и углерода 1,0 % ÷ 13,0 %. Наличие такого количества промежуточных фракций затрудняет процесс четкого разделения продукта при обогащении по необходимой плотности разделения и в свою очередь характеризует гравитационную обогатимость данного клинкера как труднообогатимую;

Полученные результаты свидетельствуют о возможности выделения легкой фракции обогащенной углеродом.

Определено, что теоретически возможный выход легкой фракции, получаемый в идеальных условиях с содержанием углерода не менее 55 %, меди 0,3-0,5 % и железа 8-11 % составит не более 5,0 %.

Определено, что наиболее чистые зерна углерода содержатся в мелких классах крупности и в связи с этим необходимая крупность дробления клинкера составляет 15-20 мм.

Определено, что возможно подвергать гравитационному обогащению неклассифицированный клинкер крупностью 50-0,0 мм.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Студенцова В.В., Клец А.Н. Вопросы теории и практики обогащения руд.
- [2] Кн.2. Горно-металлургический комплекс Республики Казахстан / Анализ, запасы, технологии. – Алматы: Информационно-аналитический центр геологии, экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, 1997.
- [3] Митрофанов С.И. Исследования полезных ископаемых на обогатимость. – М.: Госгортехиздат, 1962.
- [4] Леонов С.Б., Белькова О.Н. Исследование полезных ископаемых на обогатимость. – М.: Интернет инжиниринг, 2001.
- [5] ГОСТ 4790-80. Метод фракционного анализа. – М.: Издательство стандартов, 1980.

Zhubatkanova A.N. Telkov Sh.A.

Gravitational enrichment of clinker and determination of optimal parameters for its enrichment.

Summary. The character of the distribution of copper, iron, and carbon by the size classes with wet clinker scattering was studied.

The dependence of the distribution of copper, iron and carbon on the density fractions was studied by fractional analysis: more than 3000 kg / m³, 3000-2850 kg / m³, 2850-2750 kg / m³, 2750-2650 kg / m³, 2650-2500 kg / m³, 2500 - 2300 kg / m³ and less than 2300 kg / m³ in classes of size 50-20 mm, 20-10 mm, 10-5 mm, 5-2.5 mm, 2.5-1.25 mm, 1.25-0,63 mm, 0,63-0,315 mm, 0,315-0,20 mm and 0,20-0,0 mm. On the basis of the results of the fractional analysis, the following are determined: the gravitational enrichment of the clinker, the necessary separation density for obtaining different in quality products, and theoretically possible indicators for enrichment of all size classes .

Keywords: clinker, granulometric composition, sieve analysis, gravity concentration, heavy fraction, content, recovery, copper, iron, carbon.

Жубатканова А.Н., Телков Ш.А.

Түйіндеме. Мыс, темір және көміртекті ылғалды клинкер шашырауымен ірілік класстар бойынша бөлудің сипаты зерттелді.

Гравитациялық байытылушылыққа клинкер және оңтайлы өлшемдерін айқындау, оны байыту

Мыс, темір және көміртектің тығыздық фракцияларына бөлінуінің тәуелділігі фракциялық талдау арқылы 3000 кг / м³, 3000-2850 кг / м³, 2850-2750 кг / м³, 2750-2650 кг / м³, 2650-2500 кг / м³, 2500 50- 20 мм, 20-10 мм, 10-5 мм, 5-2.5 мм, 2.5-1.25 мм, 1.25-0 ірілік класстарында 2300 кг / м³ және 2300 кг / м³-ден кем , 63 мм, 0,63-0,315 мм, 0,315-0,20 мм және 0,20-0,0 мм.

Фракциялық талдаудың нәтижелері бойынша клинкердің гравитациялық байытуы, сапалы өнімдерде әртүрлі алу үшін қажетті бөліну тығыздығы және әртүрлі сыныбын байыту үшін теориялық ықтимал көрсеткіштер анықталды.

Түйінді сөздер: клинкер, гранулометриялық композиция, сит талдау, гравитациялық байыту, ауыр фракциясы, мазмұны, қалпына келтіру, мыс, темір, көміртек.

А. Дробышев, А. Алдияров, Д. Ақтаев, Ұ. Жексен
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, E-mail: Abdurahman.Aldiarov@kaznu.kz)

МЕТАННЫҢ КРИОВАКУУМДЫҚ КОНДЕНСАТТАРЫНДАҒЫ СПИН-ЯДРОЛЫҚ ТҮРЛЕНУЛЕРДІ ИҚ-СПЕКТРОМЕТРЛІК ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: Қатты күйдегі метан, макроскопиялық қасиеттері сутегі ядросының спиндерінің өзара әрекеттесуіне тәуелді болып келетін сутегі атомдарынан құралған, кристаллдар тобына жатады. Көбінесе спиндері $I=1/2$ ге тең, 4 протоннан тұратын метан молекулаларының үш түрлі толық спиндік модификациясы бар: жалпы спиндік моменттері 0, 1 және 2 болатын үш мәнді пара-, орто- және мета күйде болады. Модификациялардың біртекті концентрациясы және релаксация уақыты қатты күйдегі метанның жылуөткізгіштік, меншікті жылу сыйымдылық, жылулық ұлғаю сияқты жылулық қасиеттеріне әсер ететін температураға тәуелді. Берілген жұмыста, біз криогенді температурадағы метанның жұқа үлдірлерінің ерекшеліктерін спин-ядролық түрлену тұрғысынан сипаттаймыз. Сондай-ақ амплитудасы $1/2$ жұтылу жолағына сәйкес келетін жиіліктегі деформациялық тербелістің жұтылу қарқындылығына және үлгіні конденсациялау процесінде жұтылу жолағының сатылы өзгерісіне назар аударамыз. Бақыланатын құбылыс, тұндыру кезіндегі спиндік түрленулердің үлгісі болып табылады.

Түйін сөздер: молекулы метана, спин-ядерная модификация, инфракрасная спектроскопия, конденсация

Кіріспе

Ядролық спиндердің өзара әрекеттесуі әлсіз болғандықтан, құрамында нөлдік емес спиндік моменттері бар эквивалентті ядролар әртүрлі ядролық спиндік күйде болады. Спиндердің бір күйден екінші күйге ауысуы баяу жүреді [2]. Бөлме температурасында сутегі молекуласынан басқа газ молекулалары бірдей спиндік күйде болуы тұрақты емес. Бұған себеп, айналмалы тербелістер энергияларының маңында орналасқан, ерекшеленген күйлердегі изомерлердің болуы. Олар өз кезегінде әртүрлі спиндік күйлердің өзара ауысу жылдамдығының артуына алып келеді. Солайша спиндік күйлердің саны айтарлықтай жоғары жылдамдықпен (температураны ескергенде) тепе-тең күйге көшеді. Төменгі температурадағы конденсацияланған күйде бұл ерекшеленген күйлер релаксациялану процестеріне едәуір аз қатысады. Осылайша тәжірибе барысында әр түрлі спиндік күйлерді алуға болады, ал айналмалы және тербелмелі релаксация бір ғана ядролық спиндік изомерде жүзеге асады. Нәтижесінде ИҚ-диапазонда жұтылу қарқындылығының аномальді тәуелділігі байқалады, оны басқаша айналмалы **аномальділік** деп атайды [3].

Қатты фазада релаксация процестерінің жылдамдықтары фотондардың әсерінен артады. Спин-фонондардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде бір күйден екінші күйге өту 1-105 секунд аралығында болады. Осылайша, кез келген жүйелердегі спиндік бөлшектердің ядролық спиндік ауысу жылдамдығы туралы ақпаратты ИҚ-жұтылу қарқындылығының аномальді күйден қалыпты спиндік күйге өту өзгерісін бақылау арқылы ала аламыз.

Зерттеудің мақсаты молекуласы 4 протоннан тұратын, үш толық спиндік модификациясы бар, жалпы спиндік моменттері 0, 1 және 2 үш мәнді пара-, орто- және мета күйде болатын метан молекуласы болып табылады. Осы күйлердің ауысуы нәтижесінде жүйе температурасының төмен болуына сәйкес концентрацияның тепе-тең қатынасы тұрақты мәнге ие болады. ИҚ-диапазондағы жұтылу жолағының орналасуы мен метанның ядролық спиндік күйінің арасындағы байланысты ескере отырып, ядролық спиннің өзгеру жылдамдығы мен уақыты туралы тікелей ақпарат алуға болады. Осы бағыттағы көптеген зерттеулерден кейін [3, 4], біз, таза метан мен оның әртүрлі криоматрицадағы бөлшектерінің ядролық спиндік түрленулерін спектроскопиялық бақылау арқылы зерттеу жүргіземіз. Метан үлдіріндегі спин-фонондық әрекеттесу мен ядролық спиндік релаксациясының құрылымды фазалық ауысуын бақылау үшін біз алдыңғы зерттеулерде

пайдаланған әдісті қолданамыз [5, 6]. Бұл әдістің негізі сипаттамалы молекулалық тербелістің жұту жолағының жартылай амплитудасына сәйкес келетін, ИҚ-жұтылу жиілігіндегі тіркелген, үлдірдің өсуін бақылау болып табылады. Бұл үлгідегі термиялық стимуляцияланған ауысу мен процестердің релаксация уақытын нақтырақ тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулерде біз метан үлгісін әртүрлі температурада криоконденсациялау кезіндегі спиндік релаксациямен байланысты процестерді қарастырдық. Сондай-ақ метанның газ және қатты күйіндегі тепе-тең спиндік күйлердің айтарлықтай айырмашылық бар екені ескерілді.


Тәжірибе және деректер

Бұл жұмыста ИHSAN TECHNOGAZ өндірген, тазалығы 99,99% метан газы пайдаланылды. Құрылығның негізгі бөлігі, диаметрі және биіктігі 450 мм., вакуумдық камера болып табылады. Камерадағы ауа турбомолекулярлық насостың (Turbo-V-301) көмегімен $P=1,0 \times 10^{-8}$ Торр-ға дейін сорылып алынды. Камерадағы қысым FRG-700 қысым өлшегішпен және AGC-100 контроллердің көмегімен өлшеніп, бақыланады. Диаметрі 60 мм төсетек, камера ортасында орналасқан Гиффорд-Мак-Магон микрокриогендік машинасының жоғарғы фланеціне бекітілген. Тұндыру температурасы TS 670-1.4 кремний датчигінің және Lake Shore фирмасында өндірілген M325 – типті температура реттегішпен өлшенді. Үлгінің қалыңдығын өлшеу екісәулелі лазерлік интерферометрдің көмегімен жүзеге асырылды. ИҚ-жұту спектрлерін өлшеулер $400-4200 \text{ см}^{-1}$ жиіліктер диапазонында жүргізілді.

Тәжірибе жүргізу реті: Вакуумдық камера $P=1,0 \times 10^{-8}$ Торр-ға дейін вакуумдалды, әрі қарай микрокриогенді машинаны қосып, конденсация температурасы $T=16 \text{ К}$ -ге дейін жеткізіп, субстрат суытылды. Сондай-ақ, метанды вакуумдық камераға кіріс клапаны арқылы енгізіп, камерадағы қысым, конденсация қысымына дейін $P_c=1,0 \times 10^{-4}$ Торр жеткізілді. Нәтижесінде төсетекте метанның криоконденсаттары қалыптасты, сәйкесінше үлдірдің өсу қалыңдығы екісәулелі лазерлі интерферометрдің көмегімен бақыланды. Біздің зерттеуде үлдір қалыңдығы $d=2,5 \text{ мкм}$ [7].

Нәтижелер мен талқылаулар


Зерттеудің бірінші сатысында $T=20,4 \text{ К}$ температурада үлгінің тербелмелі спектрлерінің метандағы $\alpha - \beta$ – фазалық ауысудың әсері зерттелінді. 1 – суретте криоконденсатталған метан үлдірінің сипаттамалы валенттік (сол жақта) және либрациялық (оң жақта) молекулалық тербелістерінің жұту жолақтары көрсетілген. 1-ші қисық (қара квадрат) $T=16 \text{ К}$ температурада криодепозирленген метан үлдірінің жұту жолағын көрсетеді. Конденсация қысымы $P=2,0 \times 10^{-4}$ Торр, үлдір қалыңдығы $d=2,5 \text{ мкм}$, үлдірдің түзілу уақыты $T=16 \text{ К}$ температурада 30 минутты құрайды.



1-сурет. Криоконденсатталған метан үлдірінің валенттік (сол жақта) және либрациялық (оң жақта) молекулалық тербелістерінің сипаттамалы жұту жолақтары.

$T=16 \text{ К}$ температурада спектрді тіркегеннен кейін, үлгі $T=30 \text{ К}$ -ге дейін қыздырылып, осы температурада 10–15 минут бойы бақыланып, жұтылу спектрі қайта тіркелді (3 қисық). Үлгіні қайта $T=16 \text{ К}$ -ге дейін суытып, жұтылу спектрі қайта тіркелді. 1 – суретте температураның циклды түрде өзгеруі нәтижесінде қатты метанның тербелмелі спектрлері β -фазада (1), α – фазада (2) және қайта β – фазада (3) көрсетілген [8].


Температураның өзгеруі кезінде жұтылу жолақтарының өзгерісі бақыланды. Жұтылу жолақтарының өзгерісі берілген жиілікте ИҚ-спектрометрде тіркелді (2, 3 сурет).



2-сурет. Температураның өзгеруі кезінде жұтылу жолақтарының өзгерісі. Бақыланатын жиілік $\nu=1307 \text{ см}^{-1}$.

2 – суреттің сол жағында жұтылу жолағының ν_4 либрация жиілік диапазонындағы өзгерісінің термограммасы көрсетілген. Қара түсті қисық (квадраттар) – үлдірді тұндыру температурасынан $T=16 \text{ К}$ -нен $T=30 \text{ К}$ -ге дейін қыздыру; қызыл түсті қисық (шеңберлер) – $T=30 \text{ К}$ -нен $T=16 \text{ К}$ -ге дейін суыту; көк түсті қисық (үшбұрыштар) – үлгінің $T=16 \text{ К}$ -нен булану температурасына дейін қыздыруға сәйкес келеді. ИҚ-спектрометрдің бақылау жиілігі $\nu=1307 \text{ см}^{-1}$. 2 – суреттің оң жағында $\alpha - \beta$ – ауысудың $T=20,4 \text{ К}$ температура маңында алынған сипаттамалы жолақтардың нақтырақ түсіндірмесі көрсетілген [9].

Метан молекулаларының ν_3 – валенттік тербелістерінің жұтылу жолақтарының өзгерісі 3 – суретте көрсетілген. ИҚ-спектрометрдің бақылау жиілігі $\nu=2997 \text{ см}^{-1}$.




3-сурет. ИҚ-спектрометрдің термиялық стимуляцияланған өзгерісі (валенттік тербелістердің сипаттамалы жұтылу жолақтары). Бақылау жиілігі $\nu=2997 \text{ см}^{-1}$

Сол жақ суретте β – фаза, яғни, төсетектің тұндыру температурасы $T=16 \text{ К}$ кезіндегі үлдір термограммасының үлгісі, ал оң жақ суретте төсетектің тұндыру температурасы $T=30 \text{ К}$ үшін, яғни, α – фазадағы үлдірдің термограммасы берілген. Дегенмен, 3 – суретте берілгендей, екі жағдайда да сипаттамалы жолақтардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. 2 және 3 суреттегі әртүрлі жиіліктегі термограммалардағы айырмашылықтарды атап өткен жөн [10].

Жоғарыда айтып өткендей, біз бұл зерттеулерде талдау әдістемесінің негізіне сүйене отырып, алдын ала тіркелген жиілікте үлгілердің конденсациялау процестері кезіндегі жұтылу жолақтарының орналасуын және өзгерістерін қарастырамыз. Газдық фазадағы спиндік тепе-теңдікте болатын метан

молекулалары қатты фазаға өту барысында төсетек температурасына қатысты тепе-теңсіз қатты күйге көшеді. Бұл күйлердің (спиндік шыны күй) релаксация уақыттары спин-спиндік және спин-фонондық өзара әрекеттесулердің динамикасы және конденсациялау температурасымен анықталады. 4 – суретте криотұндырылған метанның либрациялары $\nu=1293 \text{ см}^{-1}$ жиілікке сәйкес бақыланған нәтижелердің сипаттамалы жұтылу жолақтары көрсетілген. Төсетек температурасы $T=30\text{K}$, тұндыру кезіндегі газды фазаның қысымы $P=1,0 \times 10^{-4} \text{ Торр}$ болды [11].

4 – суреттен тұндыру процесі либрациялы жұтылу жолағының өзгерісімен қатар жүретінін байқауға болады. Біздің пайымдауымызша, бұған себеп, метан молекулаларының спиндік релаксациясы болып табылады. Ол өз кезегінде метан криоконденсаттарындағы тепе-теңсіз спиндік күйлердің пайда болуына әкеп соқтырады. Тепе-теңсіз спиндік күйлердің релаксация уақыттары тек қана температураға ғана емес, сонымен қатар метан криоконденсаттарының өсу жылдамдығы мен үлдірдің қалыңдығына тәуелді [12].



4 – сурет. Метан молекулаларының жұтылу жолақтарының үлдірді тұндыру кезіндегі өзгерісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

1 – суретте берілгендей, β – фазадан α – фазаға өту либрация (оң жақ) және валенттік (сол жақ) тербелістері жұтылу жолақтарының жиілік диапазоңдарының едәуір кеңеюімен қатар жүреді. Үлдірдің температурасын $T=16 \text{ K}$ -ге дейін суыту, спектрлердің толықтай өзгерісіне алып келеді. Бұл бақыланатын фазалық ауысулардың қайтымдылығын білдіреді. Сондай-ақ, бірдей (16 K) температурадағы, бірақ температуралар алу жолы әртүрлі үлгілер үшін спектрлердің бір-бірінен өзгеше болуы дәлірек зерттеуге негіз болады. Осы мақсатта тіркелген жиілікте температураның өзгерісі кезінде жұтылу жолағының өзгерісі бақыланды [13].

2 – суретте жылулық циклдеу кезіндегі $\nu=1307 \text{ см}^{-1}$ жиіліктегі либрациялы тербелістің жұтылу жолағының өзгерісі көрсетілген. Сол жақ суретте көрініп тұрғандай, суыту және қыздыру термограммалары бірдей десек те болады. Айырмашылық тек α - β – ауысу температурасының $T=20,4 \text{ K}$ маңында ғана байқалады (2 – сурет, оң жақ). Сондай-ақ 2 – суретте (оң жақ) термограмманың үш сипаттамалы аймағы 1-1, 2-2 және 3-3 жанамалармен белгіленген. Біздің ойымызша, 1-1 және 2-2 бөлікте әртүрлі релаксация жылдамдықтары бар үлдірдегі спиндік ауысу процесстері көрсетілген. 3-3 аймағы фазалық ауысу және спиндік түрленуге сәйкес келетін 2 процесстен тұрады. Үлгіні $T=33 \text{ K}$ -ге дейін қыздыру термограммасының көлбеулену бұрышының кемуіне алып келеді, ол үлгі тепе-тең спиндік күйде екенін түсіндіреді. Ал, үлгіні келесі 16 K -ге дейін суытқанда спиндік күй толықтай қалпына келмейді. 3 – суретте ИҚ-спектрометрдің бақылау жиілігі $\nu=2997 \text{ см}^{-1}$ кезіндегі жұтылу жолағының валенттік тербелісінің өзгерісі бейнеленген. Суретте үлгіні $T=16 \text{ K}$ температурада (сол жақ) және үлгіні $T=30 \text{ K}$ (оң жақ) тұндыру кезіндегі термограммалар көрсетілген, суыту термограммалары қыздыру термограммаларынан едәуір ерекшеленеді [14].

Біз бұны келесідей түсіндіре аламыз. Біріншіден, температураның артуы спиндік күйлердің релаксация жылдамдықтарының лезде артуына алып келеді, ал үлгіні конденсациялау кері және елеулі эффект береді. Екінші жағынан, бұл факт іс жүзінде либрацияға әсер етпейді, тек трансляциялық жүйелерде ғана орын алатыны айқын. Бұл өз кезегінде суыту мен қыздыру

арасындағы гистерезис жүйе ішіндегі фонндық және айналмалы өзара әрекеттесудің ерекшеліктерімен байланысты екенін білдіреді (3 – сурет), яғни, молекула-ішілік деңгейден молекулаларлық өзара әрекеттесу деңгейіне дейінгі трансформация энергиясын беру деп айта аламыз.

4 – суретті талдай отырып, үлгіні конденсациялау кезіндегі жұтылу жолақтарының сатылы өзгерісін байқадық. Жалпы, қалыпты жағдайда сипаттамалы жиіліктердегі жұтылу жолақтарының амплитудасының артуы үлдірдің қалыңдығының өсуіне байланысты тегіс және монотонды болып келеді. Бұл бақыланатын эффект, біздің пайымдауымызша, тұндыру кезіндегі спиндік түрленулер екенін байқатады. Яғни, газдық фазаға сәйкес келетін тепе-тең спиндік күй қатты фазаға ауысу кезінде тұрақсыз болады. Нәтижесінде, берілген тұндыру температурасына сәйкес, квази тепе-тең спиндердің үлестірілуіне алып келеді. Бірақ, тепе-теңсіз спиндердің үлестірілуі тек үлдірдің белгілі бір қалыңдығына дейін ғана мүмкін болады. Яғни, спин-ядролық түрленуден айналмалы-тербелмелі тербелістерге өтетін белгілі бір критикалық қалыңдықтың болуы қажет. Біздің жағдайда үлдірдің критикалық қалыңдығы шамамен 0,05 мкм-ді құрайды, ол ~ 60 молекулааралық арақашықтыққа тең [15].

Бақыланатын бұл эффектінің басқа да түсіндірмелері бар. Көбінесе, сипаттамалы жұтылу жолақтарының сатылы өзгерісі екі спиндік күйлердің релаксация уақыттарына байланысты болуы мүмкін. Кванттық сандары 2: 1: 0 болатын спиндік күйлердің тепе-тең концентрациялары жоғары температурада 5: 9: 2 байланыста болатынын ескерсек, демек, мета-модификациядан орто-модификацияға ауысу құбылысы байқалады. Бұл жағдайда, біздің нәтижелер бойынша (4 – сурет) тұндыру температурасы $T=30$ К кезіндегі $J(2) - J(1)$ – релаксация уақыттары 1 – 2 с құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] A. Nijman, N. Trappeniers, *Physica* **95 B**, 147 (1978)
- [2] A.J. Nijman, N.J. Trappeniers, *Chem. Phys. Lett.* **47**, 118 (1977)
- [3] Heidemann A., Press W., Lushington K.L., Morrison J.A. Study of the tunneling rotations in phase of solid CH_4 with high resolution neutron spectroscopy // *J.Chem. Phys.* – 1981. – VOL. 75. – N 8. – P. 4003-4009.
- [4] 4 Yamamoto T., Kataoka Y. Theory of phase transitions in solid methanes. VIII. An-malous thermal expansion in solid CH_4 // *Prog. Theor. Phys.* – 1977. – 46. – P. 383-387.
- [5] A.S. Drobyshev, N.V. Atapina, D.N. Garipogly, *Fiz. Nizk. Temp.* **19**(5), 567 (1993)
- [6] A.S. Drobyshev, D.N. Garipogly, *Fiz. Nizk. Temp.* **16**(7), 936 (1990)
- [7] M. Sprik, A. Nijman, N. Trappeniers, *Physica* **98A**, 231 (1979)
- [8] Y. Miyamoto, M. Fushitani, D. Ando, T. Momose, *J. Chem. Phys.* **128**, 114502 (2008)
- [9] H. Franklin Frayer, E. George Ewing, *J. Chem. Phys.* **46**, 1994 (1967)
- [10] I. Ozier, P.N. Yi, *J. Chem. Phys.* **47**, 5458 (1967)
- [11] A.S. Drobyshev, T.A. Prokhodtseva, *J. Low Temp. Phys.* **119**, 431 (2000)
- [12] . Drobyshev, A. Aldiyarov et al., *Low. Temp. Phys.* **41**(6), 552 (2015)
- [13] Heidemann A., Press W., Lushington K.L., Morrison J.A. Study of the tunneling rotations in phase of solid CH_4 with high resolution neutron spectroscopy // *J.Chem. Phys.* – 1981. – V. 75. – N 8. – P. 4003-4009.
- [14] Манаков А.Ю., Скиба С.С. Использование клатратных соединений для хранения водорода // *Российский химический журнал.* – 2006. – Т. 50. – №6. – С. 73–82.
- [15] Громовых С. А. Исследование и разработка технологий строительства скважин в условиях гидратообразования (на примере месторождений Красноярского края): Автореферат диссертации на соискание учёной степени канд. техн. наук. — Тюмень, 2005. — 21 с.

Дробышев А., Алдияров А., Ақтаев Д., Жексен У.

ИК-спектрометрические исследования спин-ядерного превращения в криовакуумных метановых пленках

Резюме: Твердый метан относится к группе кристаллов, содержащих атомы водорода, у которых макроскопические свойства в значительной степени зависят от спинового взаимодействия ядер водорода. Молекула метана, имеет три полные спиновые модификации: пара-, орто- и мета- состояния соответственно с тремя значениями общих спиновых моментов 0, 1 и 2. В твердой фазе процессы релаксации подвергаются воздействию фотонов. В результате взаимодействия спин-фононов переход от одного состояния к другому будет составлять 1-105 секунд. Таким образом, информацию о скорости вращения спиновых частиц в любой системе можно получить, контролируя изменение интенсивности ИК-поглощения от аномальных до нормальных спиновых состояний. Мы также учитываем интенсивность флуктуаций частотной деформации, соответствующих половине полосы амплитудного поглощения и пошаговому изменению полосы поглощения при конденсации образца.

Ключевые слова: молекулы метана, спин-ядерная модификация, инфракрасная спектроскопия, конденсация.

Drobyshev A., Aldiyarov A., Aktayev A., Zhexen U.

IR spectrometric studies of spin-nuclear transformation in cryodeposited methane films

Summary: The solid state of methane refers to a group of crystals consisting of hydrogen atoms, the macroscopic properties of which depend on the interaction of the spins of the hydrogen nucleus. All of common methane molecules have three different spin modifications, which are in a three-dimensional relationship, a para- ortho- and meta- state with a total spin momentum of 0, 1 and 2. In the solid phase, the relaxation processes are exposed to photons. As a result of the interaction of spin-phonons, the transition from one state to another will be 1-10⁵ seconds. Thus, information on the rotation speed of spin particles in any system can be obtained by controlling the change in the intensity of the IR absorption from anomalous to normal spin states. We also take into account the intensity of the frequency deformation fluctuations corresponding to half the amplitude absorption band and the stepwise change in the absorption band upon sample condensation.

Key-words: methane molecules, spin-nuclear modification, infrared spectroscopy, condensation.

УДК 678+691.175

Е.Е. Сандыбаев, А.Д. Мурадов

(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, abyl.muradov@mail.ru)

**ПОЛИИМИДТІ КОМПОЗИЦИОНДЫ ҚАБЫҚШАЛАРДЫҢ БЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫН
АТОМДЫҚ КҮШТІК МИКРОСКОПИЯ ӘДІСІМЕН ТАЛДАУ**

Түйіндеме. Атомдық-күштік микроскопия әдісімен полиимидтік пленка және «Полиимид - SiO толтырғыш» жүйесінің беттік қабатының морфологиясы зерттелді. Берілген полимерлі жүйелердің беттерінде әртүрлі масштабтағы ойықтар байқалған. Ұсақдисперсті SiO толтырғышты матрицаға енгізу нәтижесінде полимерлік композиттің беттік бөлігінде өзгерістер байқалды. Фазалық жағдайда алынған суреттегі нәтиже бойынша композиттік материалдың беттік бөлігінде полиимидке қарағанда анағұрлым ірі құрылымдық бірліктердің бар екендігі туралы қорытынды жасалынды.

Кілтті сөздер: полиимидті композитті қабықша, SiO толтырғыш, атомдық-күштік микроскопия

Кіріспе. Полимерлік композиттерге – материалдың жаңа типі ретінде соңғы кездері өте көп көңіл бөлінуде. Мұндай жүйеде полимерлік матрица құрамынды өзге ұсақ дисперсті (магнитті және магнитті емес металдар, диэлектриктер) зат қосындысы болады. Әртүрлі композитті алу әдістерінің (химиялық, вакуумдық булау, бірлескен плазмалық полимеризация) арасында полиимидті лак ерітіндісін толтырғыш ұнтақпен механикалық араластыру әдісі матрица қабықшаларында әртүрлі тереңдікте енгізілетін қоспа концентрациясы белгілі бөлшектердің түзілуімен ерекшеленеді. Бұл полимерлік композиттердің түзілу тиімділігін арттырады. Мұндай жүйелер сипаттамалары полимердің құрылымдық және фазалық құрамы түрімен де, толтырғыш түрімен де анықталады.

Полимердің толтырғыш бөлшектерімен өзара әрекеттесуі оның құрылымының, элементтік құрамының және беттік қабатының морфологиясының өзгеруіне әсер етіп, полимерлік қабықшалардың беттік қабықшасының жаңа құрылымының пайда болуына әсер етеді. Мұндай әдіс арқылы жасалған полимерлік композиттер микроэлектроникада, фотоникада жаңа сенсорлар және батарея мен қорғаныс қабаттарын жасауда кеңінен қолданылады.

Бұл еңбекте SiO ұнтағымен толтырылған полиимидті композиттік қабықшасының құрылымдық сипаттамалары қарастырылған.

Тәжірибе

Әртүрлі концентрациядағы (С) : С=1,0%, салм. (С) : С=2,0% салм. ұсақкристалды ұнтақпен толтырылған Картон маркалы полиимидті матрица негізіндегі полимерлі композитті материалдар (ПКМ) зерттелді, сондай-ақ полиимидті пленканың өзі де қарастырылды. SiO ұнтақ түйірлерінің көлемі 1,8 мкм.

ПКМ-ды SiO ұсақкристалды ұнтақ толтырғышын полиимидті лак ерітіндісімен механикалық араластыру әдісі арқылы және 200 °С температурада шыны пластинаға қоспаны құю арқылы термоимидизациялау негізінде алынды. Бұл температура шынының балқу температурасынан әлдеқайда төмен.

Бастапқы үлгі ретінде таза полимид қолданылды.

Жұмыс барысындағы үлгі өлшемдері 10×10 мм, ал қалыңдығы сәйкесінше $C=1,0\%$ салм. = 0,11 мм; $C=2,0\%$ салм. – 0,05 мм; $C=5,0\%$ салм. – 0,06 мм, ал полимидті пленка үшін ($C=0\%$) – 0,11 мм болды.

Полимерлі пленканың беттік қабатының морфологиясы NT – MDT NTEGRA Thermo приборымен 190-230 кГц жиілікте жартылай түйіскен резонансты режимде бөлме температурасында атомдық күштік микроскопия (АКМ) әдісімен зерттелді. Зерттеу барысында айналма радиусы 10 нм болатын NSS10 сериялы кремнийлі кантилевер қолданылды.

Аталған үлгілердің беттік қабаттарын зерттеу топография және фазалық контраст әдістерімен жүргізілді. Топография режимі беттік қабат бедерін айқындайды. Фазалық контраст режимі химиялық құрамына, адгезиялық және серпімді қасиеттеріне қарай ерекшеленетін бөліктерді айқындап береді.


Нәтижелері мен талқылаулар

Полимерлі композиттердің оптикалық, электрлік, беріктілік қасиеттері толтырғыштардың түріне ғана емес мен олардың концентрациясына ($C, \%$) да байланысты болады. [4] жұмыс барысында толтырғыштың кейбір түрлеріне ғана негізделген ($\sigma - C, \%$) беріктілік – толтырғыш құрамы тәуелділігі түрінде құрылған мәліметтер келтірілген.


Дисперстік толтырғыштарды аз мөлшерде енгізу (10 % - ға дейін) полимерлік материалдардың беріктілік қасиетін біршама арттырады. Толтырғыш концентрациясының көлемін $C > 10\%$ бастап ұлғайтқан жағдайда композиттік материалдардың механикалық қасиеттері төмендей бастайды. Мұндай өзгерістер дисперсті толтырғыштарды аз мөлшерде енгізу - полимерлі матрицадағы физико-химиялық түрленулердің едәуір өзгерістеріне әкелетіндігін көрсетеді.

Сондықтан да біз ұсақтау арқылы алынған ұнтақ түріндегі SiO ұсақкристалды толтырғышын таңдап алдық.

Полимидті матрицадағы SiO ұнтағына Leica DM 6000 M оптикалық микроскобы арқылы гранулометриялық талдау жасалынды, сондай-ақ ерітіндінің гомогендік қасиеті зерттелді (1-2 сурет). Толтырғыштардың 80%-ға жуық бөлшектерінде фракция өлшемдері 1,7 – 1,9 мкм құрап, максималды өлшемі 11,4 мкм-ден аспайтынын суреттерден байқалады.




1-Сурет. Толтырғыш концентрациясы 2,0 салм. % «Полиимид-толтырғыш» жүйесінің микрофотографиясы



2-Сурет. Толтырғыш концентрациясы 2,0 салм. «Полиимид-толтырғыш» жүйесінің микрофотографиясы

«Полиимид-SiO толтырғыш» гомогенді жүйесі мен полиимид пленкаларының беттік қабаттары зерттелді. 3(a,b) суреттерінде атомдық-күштік микроскоп көмегімен топография және фазалық контраст режимінде алынған бастапқы үлгінің беттік қабатының үшөлшемді суреті көрсетілген, ал 4 (a,b,v,g,d,e) суреттерінде әр түрлі концентрациялы «полиимид SiO толтырғышы» жүйесі сипатталған. 4 a,b –суреттерінде «Полиимид SiO толтырғыш» $C=1,0\%$ салмақты, 4 в,г –суреттерінде $C= 2,0\%$ салмақты және 4 д,е-суреттерінде $C=5,0\%$ салмақты жүйелерінің кескіндері берілген.


Полимидті пленканың топографиялық кескініне (3,б-сурет) назар аударсақ, оның беттік қабаты тегіс емес екенін және онда полимердің ірі құрылымдық белгілерін сипаттайтын түрлі өлшемдегі кедір-бұдырлардың бар екендігін байқаймыз. Онда диаметрі 10 нм, ал биіктігі 25 нм-ден аспайтын бейберекет орналасқан конус пішінді ұсақ ойықтардан тұратын полимидті пленканың жұқа құрылымды беттік қабаты көрінеді. Мұндай түзілістер тығыздығы 1 мкм^{-2} -ге дейін жетеді. Оның үстіне кедір-бұдырлық – 2,5 нм-ге ғана өзгереді.



3-Сурет. (а) фазалық контраст және (б) топография режимдеріндегі полиимидті қабықшаның бетінің үш өлшемді АСМ кескіні.

Суреттерге талдау жасау негізінде «Полиимидті SiO толтырғыш» жүйесі мен полиимидті пленканың гомогендік беттік қабаты геометриялық бірыңғай емес екендігі туралы қорытынды жасауға болады. «Полиимидті SiO толтырғыш» жүйесінің әрқелкі бет бедері биіктігі 40 нм болатын модуляция жасайды. Композитті пленканың кедір-бұдырлығының біршама артуының себебі, ылғалдылықтың аздығынан болуы ықтимал.

ПКМ-дың ісінген үлгілерінің бет бедері құрғап қалған үлгілердікіне қарағанда айқын сипатталатыны [5,6] жұмыс барысында атап көрсетілген.



4-Сурет. Фазалық контраст (а, в, д) және (б, з, е) топография режимдеріндегі «полиимид-толтырғыш» жүйесінің қабықша бетінің үш өлшемді АСМ кескіні.

Фазалық контраст режимінде алынған «Полиимидті SiO толтырғыш» (3 а және 4 а, в, д суреттері) жүйесі мен полиимидті пленканың беттік қабаттарының кескіндерін салыстыру жүргізілді. Үлкен концентрациялы толтырғышты ПКМ беттік қабатына қарағанда $C=1,0\%$ салмақты ПКМ құрамы біршама гомогенді екені байқалады. $C>1,0\%$ салмақты ПКМ беттік қабатында аса ірі құрылымдық бөліктерді байқауға болады.

Қорытынды

«Полиимидті SiO толтырғыш» жүйесі мен полиимидті пленканың беттік қабаттарының АҚМ кескіндерін талдау негізінде төмендегі нәтижелерді атап көрсетуге болады:

1. «Полиимидті SiO толтырғыш» жүйесі мен полиимидті пленканың беттік қабатының үшөлшемді суреттерінде беттік қабаты тегіс емес екені байқалады. Онда түрлі өлшемдегі полимер глобулаларын айқындайтын кедір-бұдырлардың бар болуы көрінеді.

2. «Полиимидті SiO толтырғыш» жүйесі беттік қабатының кедір-бұдырының артуына ылғалдылықтың аздығы әсер етуі ықтимал деген болжам жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Петухов В.Ю., Ибрагимова М.И., Хабибуллина Н.Р., Шулындын С.В., Осин Ю.Н., Жеглов Е.П., Вахонина Т.А., Хайбуллин И.Б. Влияние структуры полимерной матрицы на ионно-лучевой синтез тонких металлополимерных пленок //высокомолекулярные соединения, Серия А. -2001. –Т. 43, № 11. – С. 1973-1983.

[2] Vladimir N. Popok. Ion implantation of Polymers: Formation of Nanoparticulate Materials // -1989. -Rev. Adv. Mater. Sci. – Vol. 30.-P.1-26

[3] Luis L.A., Dergacheva E.N., and Zhukova T.J. Polyimides, chemistry and characterization, edited by. C. Feger, M.M. Khojasteh, and J.E. McGrath.- 1989.-Amsterdam: Elsevier. -389 p.

[4] Крыжановский В.К., Бурлов В.В., Панيماتченко А.Д., Крыжановская Ю.В. Технические свойства полимерных материалов. – 2005.– СПб.:Профессия. -248 с.

[5] LehmaniA., Durand-Vidal S., Turg P. Surface Morphology of Nafion 117 Membrane by Tapping Mode Atomic Force Microscope// -1998. -J. Appl. Polym. Sci. –V.68. –P.503-508

[6] Devlin C. L. H., Glab S. D., Chiang S., Russell T. P. Atomic force microscopy study of rubbed polyimide films. -2001. –John Wiley & Sons, J Appl Polym Sci. – 80: 1470-1477.

Муратов А.Д., Сандыбаев Е.Е.

Анализ структуры поверхности полиимидных композиционных пленок методом атомно-силовой микроскопии

Резюме. Методом атомно-силовой микроскопии исследована морфология поверхности полиимидной пленки и системы «Полиимид – SiO наполнитель». На поверхности композита визуализированы неровности различного масштаба, представляющие с собой глобулы полимера и их композиций с частицами наполнителя. Выявлены изменения поверхности полимерного композитного материала в результате введения в матрицу наполнителя мелкодисперсного SiO. Полученные в режиме фазового контраста изображения позволили заключить, что на поверхности композитного материала присутствуют более крупные структурные единицы, чем в полиимиде.

Ключевые слова: полиимидные композитные пленки, SiO наполнитель, атомно-силовая микроскопия

Muradov A.D., Sandybayev Y.Y.

Analysis of the surface of polyimide composite films by atomic force microscope

Summary. By atomic force microscope the morphology of the polyimide film and the system “Polyimide – Sio filler” was studied. Irregularities of various sizes are globules of polymer and their compositions with filler particles were visualized on the surface of these polymer systems. As a result of introduction finely dispersed Sio into the filler matrix it was revealed change of the surface of the polymer composite material. Images obtained in the phase contrast mode allowed to conclude that on the surface of the composite material the larger structural units than ones on the polyimide present.

Keywords: polyimide composite films, SiO filler, atomic force microscopy

УДК 372.851

М.А.Мустафин

(Казахский Национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан, medeu@rambler.ru)

КЛАССИФИКАЦИЯ ПО А.П.КИСЕЛЕВУ МЕТОДОВ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ НА ПОСТРОЕНИЕ

Аннотация. Данная работа посвящена вопросам классификации методов решения геометрических задач на построение. Методы решения задач на построение впервые предложены выдающимся русским советским педагогом А.П.Киселевым.

Ключевые слова: геометрические задачи на построение, классификация.

Классификация методов решения задач на построение впервые была предложена выдающимся русским советским педагогом Андреем Петровичем Киселевым (1852-1940) в его книге «Элементарная геометрия», впервые вышедшей в 1883 году. К 1930 году этот учебник геометрии выдержал около сорока изданий, постоянно при этом совершенствуясь. Учебники А.П. Киселева выдержали в общей сложности около трехсот (300!) изданий общим тиражом в несколько миллионов(!) экземпляров. Такие тиражи не сняты даже современным популярным писателям детективного жанра типа Д.Донцовой или А.Марининой. Возрастающая роль математики в жизни современного общества вызвало новые требования к актуальной постановке математического образования в школе и вузе. Конечно, можно считать содержание книг А.П.Киселевым где-то устаревшим. Однако высокое педагогическое мастерство, простота и логическое изложение делают книги А.П. Киселева полезными и значимыми и в 21 веке.

Цель данной статьи - дать классификацию методов решения задач на построение по А.П.Киселеву с современных позиций. В книге [1] даются методы решения задач на построение.

Классификация по А.П.Киселеву:

Отметим, что А.П.Киселев в [1] дает семь методов решения задач на построение, а именно:

1. Метод геометрических мест. [1].

А.П.Киселев применяет этот метод, решая задачу нахождения точки, удовлетворяющей обоим геометрическим местам, т.е. точка должна на пересечении геометрических мест.

Задача. Провести секущую к двум данным окружностям А и В так, чтобы части секущей, заключенные внутри окружностей, равнялись соответственно данным длинам *a* и *b*.

Если возьмем одно условие, то получим бесконечное множество секущих, которые должны быть равноудалены от центра этого круга (поскольку равные хорды одинаково удалены от центра). Поэтому если в круге А где-нибудь построим хорду, равную *a*. Затем радиусом, равным расстоянию этой хорды от центра, опишем окружность, концентрическую с А, тогда все секущие должны касаться этой вспомогательной окружности. Принимая во внимание второе условие, нетрудно видеть, что искомая секущая должна касаться второй вспомогательной окружности, концентрической с В. Таким образом, задача сводится к построению общей касательной к двум окружностям.

Также этот метод называют «методом расчленения условий задачи» [2].

2. Метод подобия. Он состоит в том, что, пользуясь некоторыми данными задачи, строят сначала фигуру, подобную искомой, а затем переходят к последней. [1, стр. 274].

3. Метод параллельного перенесения (у А.П.Киселева «перенесение» означает перенос). Полезно переместить некоторые части данной фигуры в другое положение, при котором легче обнаружить зависимость между данными элементами и искомыми. [1, стр. 275].

4. Метод вращения вокруг точки. [1, стр. 276].

5. Метод вращения вокруг прямой (или метод симметрии). Если перегибем часть чертежа вокруг некоторой прямой так, чтобы эта часть заняла симметрическое положение по другую сторону от этой прямой. [1, стр. 276].

6. Алгебраический метод. Условие задачи на построение может выражено аналитически. [1, стр. 277].

Задача. Построить квадрат, площадь которого в три раза больше площади данного квадрата.

Обозначим сторону искомого квадрата через *x*, а сторону данного через *a*.

Получим уравнение $x^2 = 3a^2$.

Его решение $x = a\sqrt{3}$ дает аналитическое выражение искомого отрезка.

Аналитическое выражение задачи на построение в виде уравнения, а его решение в виде корня этого уравнения помогает найти геометрическое решение и облегчает исследование решения. Эти соображения находят свое полное развитие в аналитической геометрии - обязательном курсе в вузе.

7. Метод обратности. [1, стр. 277].

Метод обратности означает, по А.П.Киселеву, перевернуть задачу, т.е. данные условия задачи взять за искомые и наоборот.

Задача. В данный треугольник *ABC* вписать другой треугольник, у которого стороны были бы параллельны сторонам другого данного треугольника *MNP*.

